

Кеспеағашты басты мақсатта пайдалану үшін және орманды күтіп-баптау үшін ағаш кесуге бөліп беру жоспарлары, сол сияқты зиянкестер мен аурулар ошақтары әрекет етуші екпелердегі орман өсімдіктері жобалары мен басқа да орман шаруашылық жұмыстары орман қорғау мамандарымен келісіледі және

зиянды жәндіктер мен аурулар тигізетін зиянды барынша қысқарту жөніндегі қажетті шаралар болуы керек.

4. Облыстық мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдары тиісті аумақта қолданылатын осы Ережелерге қосымшалар енгізуі мүмкін. Аталған қосымшалар Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік органының бекітуіне жатады.

2. Санитарлық-сауықтыру шараларының түрлері мен міндеттері

5. Екпелердің тұрақтылығын сақтау мен арттыру, олардың өнімділігін ұлғайту, діңдік зиянкестердің санын кеміту, аурулардың жұқпалы әсерін азайту, сол сияқты ормандарда өрт қауіпсіздігін арттыру мақсаттарында орман шаруашылығын жүргізуді жүзеге асырушы ұйымдар (бұдан әрі - ормшарлар) мынадай санитарлық-сауықтыру шараларын дер кезінде жүргізуге міндетті:

іріктеп санитарлық мақсаттағы кесуді;
жаппай санитарлық мақсаттағы кесуді;
жастай отырғызылған ағаштарды іріктеуді;
тұтқыр ағаштар мен шоғырларды сұрыптауды;
қ о қ ы с т а р д ы ж и н а у д ы ;

орман ауруларының қауіпті аралық иелері болып табылатын қажетсіз ағаш тұқымдықтарын, бұталарды және басқа өсімдіктерді кесіп тастауды;

орманды және орман қоры аумағындағы үйілген дайындалған ағаштарды зиянкестерден және жұқпалы аурулардан қорғаудың басқа да қажетті шараларын

3. Санитарлық-сауықтыру шараларын белгілеудің, жоспарлаудың және жүргізудің жалпы тәртібі

6. Мерзімдерді іріктеп алуды, санитарлық-сауықтыру шараларының түрін және нақты көлемін жоспарлауды орман шаруашылықтары орман орналастыру, орман патологиялық қадағалау орман патологиялық тексеру, орман экожүйесінің мониторингі кезінде және олардың негізінде жасалған ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болжаулар негізінде айқындалған, сол сияқты ормандар топтарын, жасын, қолайлылығын, зиянкестер ошағының даму фазасын, ағаш тұқымдықтарының биологиясын, зиянды жәндіктер мен ауруларды қоздырушылар биологиясын, экономикалық және экологиялық мақсаттылығын ескере отырып, ормандардың нақтылы жай-күйі негізінде жүзеге асырады.

7. Санитарлық-сауықтыру шаралары бірінші кезекте өрт, желсұлатпа, қуаңшылық, шамадан тыс құрғақтық, ылғалдың молдығы, өнеркәсіп қалдықтары немесе өзге де қолайсыз факторлар салдарынан бүлінген немесе әлсіреген екпелерде, сол сияқты кесуді, шайыр ағызудың және өзгеде орман пайдаланудың салдарынан, екпелердің тұрақтылығына қауіп төндіретін мөлшерде ағаштардың

зақымдануына және жойылуына, олардың мақсатты функцияларының бұзылуына соқтырған зиянды жәндіктер мен аурулар ошақтарында, сол тәрізді сауықтыру мақсаттарында белгіленеді.

8. Санитарлық-сауықтыру шаралары ормандардың барлық топтары мен қорғаныштық категорияларында жүргізіледі.

Мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік ұлттық парктер ормандарында санитарлық сауықтыру шараларын жүргізу олар жөніндегі үлгілік және жеке-дара ережелермен реттеледі.

9. Санитарлық сауықтыру шаралары жұмыстар түрлері бойынша жеке-дара жоспарланады, бұл орайда санитарлық іріктеп және жаппай кесу аралық мақсатта пайдалану кесуінің жалпы көлеміне және басқадай кесу көлеміне сәйкес кесудің жалпы көлеміне жекелей бөліп көрсетіледі.

Санитарлық-сауықтыру шаралары көлемін жоспарлау кезінде олардың алқабы жүргізілетін шаралар түрлері және бір гектар жерден, барлық алқаптан кесілетін ағаштардың саны бойынша көрсетіледі (1-қосымша) құнды (өтімді) ағаштың, оның ішінде іс ағаштардың үлесі кеспе ағаштарды материалдық ақшалай бағалау негізінде белгіленеді.

10. Санитарлық-сауықтыру шараларының жоспарлары жыл сайын жасалады және қажеттілігіне қарай түзету жасалады. Оларда өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойыла басталған түрлерін, бірегей табиғи қоғамдастықтарды, самырсын және құнды ағаштарды қорғау жөніндегі шаралар қарастырылады.

11. Санитарлық-сауықтыру шаралары көлемін жылдың тоқсандары бойынша бөлу, екпелердің зақымдануының мерзімдері мен ерекшелігін ағаш тұқымдықтарының, зиянды жәндіктер мен ауру қоздырушылардың биологиясы ескеріліп жүргізіледі.

12. Күтпеген апатқа ұшыраған аудандарда (ағаштардың өрттен, өнеркәсіп қалдықтарынан, желсұлатудан, қар омырудан, қуаңшылықтан, жәндіктерден, аурулардан және т.б. әсерін зақымдануы) белгіленген тәртіпте ағаш кесу жоспарларына бүлінген ағаштарды тезірек өңдеуге және жинауға және бұл жұмыстарды барынша қысқа мерзімде аяқтауға бағытталған қажетті өзгерістер енгізіледі.

13. Кеспеағаштарды санитарлық кесуге бөлу және жаңадан қоныстандырылған ағаштарды іріктеп алу кесуден бір ай бұрын көктем-жаз кезеңінде жүргізіледі, бұл орайда жалпақ жапырақты ормандарда тек жапырақтар болған жағдайда ғана бөлуге рұқсат етіледі.

Кесуге арналған барлық ағаштар таңбалануға тиіс, сол кесуден кейін түбір кесінді таңбаланады.

4. Іріктеп санитарлық кесу

14. Іріктеп санитарлық кесу тұрақтылығы бұзылған екпелерде, онда табиғи тұрақтылығы жағынан салыстырылуы бойынша ағаштардың құлап түсуі арта бастағаны байқалған және қурай бастаған, қурап тұрған, желсұлатқан, дауыл омырған, қар сұлатқан, қар омырған, аурулар зақымдаған, діңдік зиянкестер ұялаған және өзгеде зақымдалу салдарынан ағаштардың жай-күйінің орташа өсуі , яғни 1,6-дан 3,5 дейінгі қасиетінің жойылуы сәтіне дейін зақымдау пайда болған және осындай себептер жинақталған екпелерде жүргізіледі (3,4-қосымша)

15. Тұрақтылығы берік екпелерде ағаштарды іріктеп алу орманды күтіп баптау мақсатында жоспарлы кесудің тәртібінде мерзімдері арасындағы кезеңде құндылығы жоқ жекелеген ағаштарды жою, қоқыстарды жинау олардың пайда болуына қарай қосымша шара ретінде ұдайы түрде жүзеге асырылады.

16. Сауықтыру шаралар ретіндегі іріктеп санитарлық кесу 1 және 2 топтардағы сүректіңдерде барлық қорғаныштық категориялары, жастары мен тұқымдықтары жағынан шаруашылық тұрғыда игерілген ормандарда жүргізіледі.

17. Іріктеп санитарлық кесу екпелердің тұтастылығы мен тұрақтылығының бұзылуына соқтырмауға тиіс. Олай болмаған жағдайда екпелер жаппай санитарлық кесуге немесе қайта құруға жатқызылады. Іріктеп санитарлық кесуден кейін екпелердің толығы 0,5 тен, ал шыршалар мен майқарағайларда 0,6 дан кем болмауға тиіс. Толымдылықты одан әрі кемітудің қажеттілігі орман патологиялық тексеру материалдарында негізделуі керек.

Төмен толымдылық табиғи жай-күйінің қасиеті болып табылатын екпелерде (арша, пісте ағашы, сексеуіл және т.б.), және тау ормандарында Гаузер қабық құрты мен микрофаг зақымдаған жағдайда іріктеп санитарлық кесуде толымдылықты 0,3 дейін кемітуге рұқсат етіледі.

18. Іріктеп санитарлық кесуді жүргізуге өз қарамағында орман орналастырудың немесе арнайы орман патологиялық зерттеудің мәліметтерін пайдаланушы ұйымның бірінші басшысы рұқсат береді.

19. Ағаштарды сұрыптап алу мен таңбалауды орманшылар, олардың көмекшілері немесе учаскелік техниктер (орман шеберлері) жүргізеді.

20. Өрт салдарынан, жел, қар әсерінен, ағаш дайындау кезінде мүлде әлсіреген ағаштар, діңдік зиянкестер ұялап алғанға және аурулар зақымдағанға дейін сұрыптауға жатады. Ағаштарды кесуге іріктеп алу кезінде ағаштардың бүлінуі (зақымдануы) дәрежесін, зиянкестер мен ауруларды қоздырушылардың биологиясы ерекшеліктерін басшылыққа алу қажет (3,4 қосымша).

5. Жаппай санитарлық кесу

21. Жаппай санитарлық кесу жапырақты орманның жай-күйінің өсу балы 3,6 дан 5,0 дейін болатын 3 сыныпты екпелерде жүргізіледі (2,3-қосымша) егер

сүректің 0,25 гектар және одан көп алқапта кесілсе, ол санитарлық жаппай кесу
б о л ы п с а н а л а д ы .

22. Іріктеп санитарлық кесу екпелерді сауықтыра алмайтындай болғанда және екпелердің толығының 0,5 төмен кемуіне, шырша мен майқарағай екпелері үшін толымдылықты 0,6 кем мөлшерге соқтыратын жағдайда жаппай санитарлық кесу жасына қарамастан 1 және 2 топтардағы ормандарда белгіленеді (ерекшелік төмен толымдылық табиғи жай-күйі болып табылатын ағаш тұқымдықтарға қатысты болады, осы ережелердің 16 тармағы).

Зақымданған, әлсіреген толысқан екпелер олардың өміршеңдік сатысының бұзылуына қарамастан бірінші кезекті кесуге белгіленеді. Егер бұл кесу басты мақсатта пайдалану кесуі тәртібінде жүргізілетін болса, онда зиянкестер мен аурулардың қауіпті түрлері ошағының таралуының алдын алу, олардың биологиясы мен нақтылы жағдайларын ескере отырып қосымша шаралар қ о л д а н ы л а д ы .

Қорғаныштық, су қорғаушылық, санитарлық гигиеналық және сауықтырушы маңызы бар ормандардағы (қалалық ормандармен орман парктері, қалалар, басқада елді мекендер мен өнеркәсіп кәсіпорындары төңірегіндегі жасыл аймақтардың ормандары, сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарының бірінші және екінші белдеулерінің ормандары және курорттарды санитарлық қорғау округтерінің ормандары, өзендердің, көлдердің, су қоймаларының және басқа суаттардың жағалары бойынша) тыйым салынған жолақтар ормандары эрозияға қарсы ормандар, сол сияқты ерекше қорғалатын аумақтардың ормандарында (қорықтар мен қорықтық аймақтар, ұлттық және тарихи табиғи парктер, оқшауланған орман алқаптары, ғылыми маңызы бар, оған қоса генетикалық резерваттар мен табиғат ескерткіштері ормандары, жанғақ-кәсіпшілік аймақтарының ормандары және орман жеміс екпелері, биік таудағы ормандар) ерекше жағдайларда, екпелер өздерінің мақсатты функцияларын толық жойған, міндетті түрде кейін бірінші кезекте ағашы кесілген алқаптарда орманды қалпына келтіру жүргізілетін санитарлық кесу б е л г і л е н е д і .

Сексеуіл ормандарында жаппай санитарлық кесу ағаштардың жасына қарамастан 50 проценті қураған, немесе қурап тұрған және ағаштардың басының қурауы қазірде 30 проценттен асқан жағдайда жаппай санитарлық кесу жүргізіледі, кесу күзгі-қысқы кезеңде атқарылады.

23. Жаппай санитарлық кесуге арналған екпе ағаштарға, орман шаруашылығының бас орманшысы, орманшы немесе оның көмекшісі, орман қорғау бойынша маман, ал қажетті жағдайда өзге де мамандардың қатынасуымен міндетті түрдегі орман-патологиялық тексеру жүргізіледі.

Тексеру материалдарын орманшар директоры бекітеді.

Орман орналастыру кезінде жаппай санитарлық кесу көзделген орман учаскелері, бұған орман патологы немесе орман қорғау маманы қатыспаса, тексерілуге сондай-ақ жатады.

24. 1 және 2 топтардағы ормандарда, егер әрбір учаскенің көлемі 25 га аспаса жаппай санитарлық кесуге орман шаруашылығын басқарушы мемлекеттік орган рұқсат береді.

Өзге жағдайларда санитарлық кесуге рұқсатты Қазақстан Республикасы орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органы береді.

Голланд ауруына ұшыраған екпелерде санитарлық кесуді жүргізуге ормандардың көлемі мен топтарына қарамастан облыстық мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органы рұқсат береді. Әдеттегідей, кесілетін сүрік кеспе ағаш қорынан белгіленген жылдық лимиті есебінен, ал қажетті жағдайда онан тыс босатылады.

25. Екпелердің орман патологиялық жай-күйін сипаттау үшін жаппай санитарлық кесу белгіленген әрбір телімде тікбұрышты немесе ленталы сынақ алаңдары (5-қосымша) орналастырылады. Сынақ алаңының жалпы көлемі тексерілетін учаскенің көлемі 100 гектарға дейін болғанда оның алаңының кемінде екі проценті, ал 100 гектардан асса - 1 проценті болуы керек.

26. Жаппай санитарлық кесуді жүргізуге арналған рұқсат алу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

кесуге арналған екпелерге комиссия жүргізген бақылау мен тексеру актісі;
осы екпелер бойынша жиынтық ведомость (6-қосымша) зақымдалған екпелерге салынған сынау алаңдарының жиынтық ведомостысы (7-қосымша);
жаппай кесуге арналған, телімдер көрсетілген, олардың көлемдері мен сынау алаңдары түсірілген участке планшетінен көшірме.

27. Кесуге белгіленген екпелерді комиссияның бақылау немесе тексеру актісінде ормандар топтары, қорғаныштық категориясы, екпелердің таксациялық сипаттамасы, кесудің шапшаңдығы мен оны жүргізуге белгіленген мерзімі, олардың зақымдалуының себептері, жаппай кесудің қажеттілігін негіздеу, кейін түлетуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар және жапсарлас екпелердің ыдырауының алдын алу үшін қажетті шаралар. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

28. Бірінші топтағы ормандардағы зақымданған және қураған екпелерді жаппай санитарлық кесу кезінде міндетті түрде мынадай жағдайлар сақталады:

1) ағашы кесілетін алаң, егер онда табиғи түлеп өсу болмаса, бірінші кезекте орман өсімдігін орналастыруға арналатыны;

2) аурудан сау жапсарлас екпелер үшін орман патологиялық қадағалау белгіленеді, оларда ауру және зиянды діндік зиянкестер өте ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алу және қоқыстарды жинау жүргізілетіні берік сақталуға тиіс.

29. Жаппай санитарлық кесуді талап ететін желсұлама, дауыл омырған, өртеңдер мен жәндіктердің зақымдауы немесе ауруларға шалдыққан учаскелер, өрттің таралуына, зиянды жәндіктер мен сүректердің техникалық сапасын жоғалтуына жол бермеу үшін мүмкіндігінше қысқа мерзімде алаңдарды ұқыпты түрде кеспе қалдықтарынан және қоқыстардан тазарту жұмысы белгіленуі керек.

30. Екінші топ ормандарының пайдаланылып отырған бөлігіндегі ағашын желсұлатқан, дауыл омырған немесе қылқан жапырақтарын кемірушілер зақымдаған, ыдыраған (қуару және діндік зиянкестердің ұялауы байқалған жағдайда), сол сияқты жоғарғы немесе тұрақты төменгі жағын өрт шалған қылқан жапырақты екпелер бірінші кезекте кесуге жатқызылады.

Екінші топтағы ормандарда кесуге жасы жетпеген немесе есепті кеспеағаштың белгіленген мөлшерінен тыс ыдыраған және зақымданған екпелерді кесуге, сол сияқты алаңы кеспе ағашқа тиісті мөлшерден асып түсетін екпелерді кесуге бірінші топ ормандарына белгіленген тәртіпте рұқсат етіледі.

6. Зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алу

31. Зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алу өзіндік дербес шара, ол діндік зиянкестер тобы бөлігін құртуға және жұқпалы аурулар деңгейін кемітуге, сол арқылы екпелерге зиянды әрекетін шектеуге және зиянды организмдердің жаппай көбею шағының пайда болуына жол бермеуге бағытталған қауіпті зиянкестер мен аурулардың көбею қаупі бар барлық екпелерде іріктеп алу жүйелі түрде жүргізіледі.

32. Бірінші кезекте зиянкестер ұялаған ағаштарды іріктеп алу орман өртінен, желсұлатудан, дауыл омырудан, қуаңшылықтан, жәндіктердің қылқан жапырақты жүйесі обырынан, сол сияқты түбір шірігінен және басқа қауіпті аурулардан зақымданған екпелерде жүргізіледі.

33. Зияндылар ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алуды жүргізуде мынадай талаптар қойылады:

1) кесуге белгіленген ағаштарды іріктеу мен таңбалау орман патологының, орманды сақтау мен қорғау жөніндегі инженердің, орманшардың басшылығымен жүргізілетіні;

2) іріктеу жәндіктердің ұшуы мен жетілуі мерзімін ескеру, сөйтіп, жәндіктердің жас ұрпағының ұшуына және олардың санының одан әрі артуына жол бермеу, жалпы жұқпалы жайдың өршуінен құтылу, зиянкестердің өсіп көбеюіне және аурулар қаупіне жол бермеу үшін анағұрлым қолайлы уақытты ескеру негізінде жүргізіледі.

Күнтізбелік мерзімдер тікелей аймақта жылдың ауа-райы жағдайларына, зиянкестер таралымы мен ауруларды қоздырушылардың аталған жергілікті жер үшін биологиялық ерекшеліктерге қатысты ауысуы мүмкін.

Анағұрлым қаупті зиянкестер мен ауруларға арнап негізгі орман құраушы тұқымдық ағаштарды зиянкестер ұялауынан және зақымдауынан іріктеп алу үшін шара және мерзімдер белгіленеді (8-қосымша).

34. Зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алу кезінде кесілген сүрек қабығынан аршылуы әйтпесе инсектицидпен өңделуі керек. Сүректі өңдеу мерзімі ағаш қабығы астынан бірінші көбелектердің байқалуынан кешіктірілмеуі, ағашты күзгі-қысқы кесу кезінде 1 мамырға дейін болмақ.

Қылқан жапырақты екпелерде қабықтар мен бұтақшалар өртеледі немесе жерге көміледі.

7. Тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймелерді орналастыру

35. Тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймені орналастыру санитарлық жағынан қанағаттанарлық жай-күйге келтірілген, онда қазірдің өзінде зиянкестер ұялай бастаған кураған ағаштар кесілген, бірақ діндік зиянкестердің санының артуы с а қ т а л ы п о т ы р .

Тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймені орналастыру зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алумен және іріктеп санитарлық кесуді жүргізумен қосарластырылуы мүмкін. Зиянкестердің қаптап көбею кезеңдері жаппай санитарлық кесуді жүргізгенде болады, сонда тосқауыл кеспеағашты құруға болады, жаз кезеңіне сүректіңді қоршаған сүректері молынан қалдырылады.

36. Тосқауыл ағаштар ретінде жел сұлатқан, дауыл омырған, қар омырған зиянкестер ұялаудан бос кураған ағаштар діңі, сол сияқты ауру, кеміс және әлсіреген ағаштар пайдаланылады. Тосқауыл материалдар ретінде ағаштардың жоғарғы тұсы және басқа кеспе қалдықтары, сол сияқты аталған тұқымдықтардың бұтақтары тосқауыл үйме ретінде пайдаланылады. Тосқауыл үймені, әдеттегідей, шөл-шөлейт аймақтағы тоғай екпелерінде және Шренк шыршасының, аршаның таудағы екпелерінде пайдаланылады.

Сау ағаштардан тосқауыл жасауға рұқсат етілмейді.

37. Зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды орналастыру кезінде діндерді дер кезінде қабығынан аршу керек, бұл ұрғашы құрттар жұмыртқаның негізгі бөлігін салған кезеңде, ал алғашқы құрттар қуыршақ жасауға кіріскен шақта, әйтпесе сүрек пен тұтқыр үймені пайдалану немесе химиялық әдіспен өңдеу жүргізілуі қажет. Тосқауыл ағаштарды аршылғаннан кейін қабық пен бұтақты өртеу керек ә й т п е с е ж е р г е к ө м у қ а ж е т .

Инсектицидпен өңделген тосқауыл ағаштарды орналастыруға болады.

38. Тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймені орналастыру орманшылардың немесе орман қорғау жөніндегі мамандардың тікелей басқаруымен жүргізілуге т и і с .

Діндік зиянкестердің саны екпелерді орман патологиялық тұрғыдағы тексеру

нәтижелері бойынша белгіленеді, олардың санына қарай орналастыруға тиісті ағаштардың саны анықталады (9 қосымша).

Зиянкестер саны жағынан көп болған жағдайда тосқауыл ағаштар саны зиянкестер ошағындағы құрттар ұялай бастаған ағаштардың тең жарымы мөлшерінде, саны орташа жағдайда құрт ұялаған ағаштар санының $1/2$ және $1/4$ мөлшерінде, ал төмен жағдайда құрт ұялаған ағаштар санының $1/4$ мөлшерінде орналастырылады. 4 қосымшада көрсетілген зиянкестер санына төмен жағдайда тосқауыл ағаштар орналастырылмайды.

39. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарында (қорықтар мен қорық аймақтары, ұлттық және тарихи-табиғат парктері, аса құнды орман алқаптары, генетикалық резерваттар мен табиғат ескерткіштерін қосқанда ғылыми маңызы бар ормандар, жаңғақ кәсіпшілік аймақтарының ормандары және орман жеміс екпелері, биік тау ормандары), санитарлық гигиеналық және сауықтыру функцияларын орындаушы ормандарда (қалалық ормандар мен орман парктері, қалалар, басқа елді мекендер мен өнеркәсіп кәсіпорындары төңірегіндегі жасыл аймақтардың ормандары, сумен жабдықтау көздерін қорғау аймақтарының бірінші және екінші белдеу ормандары және курорттарды санитарлық қорғау округтерінің ормандары) оларды санитарлық жай-күйі жақсы болған жағдайда қабық жегіштердің жаппай ұшуынан бірнеше апта бұрын тосқауыл ағаштар орналастыру әдісін пайдалануға болады, ол үшін көбелектерді өзіне тарту қабілетін арттыру үшін ағашқа фермонды диспенсерлер орнатып немесе оларды қабық жегіштер ұялайтын жерлерге қою керек.

40. Тосқауыл ағаштар, әдеттегідей, жапырақтарын отамай тұтас күйінде астына төсеніш қойып, әйтпесе түйдек күйінде орналастырылады. Төсеніштік тосқауылды діндік зиянкестер ошағына жақын жерге топтай қойған ұтымды.

Қатынауға жақын жерлерде зиянкестердің өсіп дамуын дер кезінде байқау және тосқауыл ағаштарды қабығынан аршу үшін бақылау тосқауыл ағаштарды орналастыру ісін жүргізу керек.

41. Тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймені орналастыруда зиянкестердің биологиясын және қолданыстағы ұсыныстарды ескеріп, белгілі мерзімде жүргізу қажет.

Күнгізбелік мерзімдер жылдың аймақтық ауа-райына, жергілікті жерде зиянкестердің таралымы мен ауру қоздырушылардың биологиялық ерекшелігіне қарай ауытқуы мүмкін. Көптеген жағдайларда тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймені қою мерзімі және оны жүргізу техникасы арнайы сипатта болуы мүмкін немесе қосымша шаралар қолданумен жүргізілуі мүмкін.

Анағұрлым қауіпті зиянкестер мен екпелерге мейлінше қауіп төндіретін зиянкестерге (жұқпалы ауруды таратушылар) арнап тосқауыл ағаштар мен

тұтқыр үймелерді қоюдың мерзімі белгіленеді сол сияқты шараларды жүргізудің техникасы мен жағдайы белгіленеді (10-қосымша).

8. Қоқыстарды жинау

42. Қоқыстарды жинау, дербес шара ретінде, қурап тұрған, желсұлатқан, дауыл омырған, қарсұлатқан және т.б. түрдегі өтімді ағаштар болған жағдайда белгіленеді.

Санитарлық-гигиеналық және сауықтыру функцияларын басымдырақ орындаушы ормандарда эстетикалық және өртке қарсы мақсаттарда, сол тәрізді ерекше қорғалатын аумақтардың ормандарында өтімді емес сүректерді жинау жүргізіледі.

Бірінші кезекте діндік зиянкестердің ошағының пайда болу қауіпі бар учаскеде жас шырпылар жиналады. Осылай өңдеу зиянкестердің негізгі түрлерінің биологиясымен байланыстырылады.

9. Ағаштарды, бұталарды, өскіндерді және басқа қажетсіз өсімдіктерді кесіп тастау

43. Аталған шара мәдени ауылшаруашылық өсімдіктері мен құнды сүрек тұқымдықтарына қауіпті организмдерді таратушы болып табылатын ағаштармен бұталардың жекелеген түрлері бар сүрекдіңдерде жүргізіледі.

44. Орман қойнына дейін 200 метр қашықтықтағы далалық жерлерге жапсарлас орман екпелерінде ауылшаруашылық дәнді дақылдарын зақымдайтын тотты шіріткіштің аралық иесі болып табылатын зерек пен іш жүргізетін қаражеміс өсірудің еш қажеті жоқ.

45. Жекелеген жағдайларда құнды сүрек тұқымдықтары үшін қауіпті организмдердің өсіп дамуына ықпал жасаушы аралық иегер ретіндегі кейбір ағаш тұқымдарын кесіп тастау керек. Шөлейт аймақтағы егістікте және сексеуіл өсімдігінде арам шөп өсімдіктерінің дамуына жол беруге болмайды, өйткені марева тұқымдастығында сексеуілдің кейбір зиянкестері дамуы мүмкін.

10. Арнайы әдістерді қолдану

46. Орман қорғаудың жоғарыда көрсетілген шараларын ұштастыру, сол сияқты іріктеп және жаппай санитарлық кесу немесе оларға қатысты болмайтын, орман қорғау жөніндегі ұсыныстар бойынша және мамандардың бақылаумен осы ережелердің 11-қосымшасына сәйкес орман мен орман материалдарын діндік зиянкестерден қорғаудың химиялық шаралары, алдамшы құралдар (ферромондық тұтқырлар, т.б.), ремиздер қалдыру пайдалы организмдерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады.

47. Діндік зиянкестерге ферромондарды пайдалану кезінде тиісті нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек. Ферромондар мен жәндіктерді ұстап алу кезінде түрліше амал қолданылады немесе ағашты кесу және тосқауыл

ағаштарды (өсіп тұрған және кесілген) пайдалану, бұл арада барлық жағдайда тосып алынған жәндіктерді инсектицидпен механикалық жолмен (ағаштарды қабықтау) жою, әйтпесе басқа тәсілдермен дер кезінде құрту қажет.

48. Көктемде құстардың ұя басатын кезінде және жаздың екінші жартысында ең алдымен құрлардың ойнағы, жыртқыш құстардың ұя басатын кезінде орманда орман шаруашылық және өзгеде қызметті шектеу қажет.

Орманда ағаш кесудің барлық түрі кезінде және өзгеде жұмыстар шағында орман қолтығында әрекет етпеу керек, онда құстар ұя салуы мүмкін олардың ұя салуына жәрдемдесудің басқада шараларын (ұяшықтар ілу т.б.) қолданған жөн.

49. Ағаш кесудің барлық түрінде, кеспеағашты тазарту, орман қорғау шараларының барлық түрін жүргізу кезінде діндік зиянкестердің энтомофагтарын қорғау, сақтау және жәрдемдесу жөнінде шаралар қолданылады.

Энтомофагтарды сақтау, қорғау және өсіп-көбеюіне жәрдемдесу жөнінде мынадай негізгі шаралар алға қойылады:

1) әлсіреген екпелерде және қабық құрты кешенінің жыртқыш қоңыздарына қоныс аудартудың барынша тиімді әдісі;

2) үлкейе бастаған кезінде көміртекті тағам арқылы жағдайын жақсарту жолымен қабық құртын өсіп-көбеюі ошақтарында сақтау және қабық құрт, паразиттерін бір ұяға тарту. Бұған - қолданыстағы ұсыныстарға сәйкес діндік зиянкестердің үрдісті ошақтарында бір, екі және көпжылдық шырынды шөптер (ремиздер жасау) егу арқылы қол жеткізуге болады.

3) ағаштарды химиялық жолмен өңдер кезінде қабық құрты энтомофагтарын сақтау химиялық өнімдердің жанама әсерін төмендету негізінде жүзеге асырылады, атап айтқанда, зиянкестердің энтомофагтарының көктемгі топтарының ұшуы кезеңінің алдын алу мерзімінде өңдеу, негізінен сауықтыру мақсатында химиялық өңдеуді қолдану;

4) екпелерде энтомофагтар мекендеуші шағын стансаларды сақтауға әлсіреген екпелерде және қабық құрты паразиттерінің жұқтырушылық жоғары проценті анықталған, өзіне ағаштардың белгілі бір санын сақтауды қосатын қабық құрты ошақтарында іріктеп санитарлық кесуді жүргізудің бірқатар ережелері мен мерзімдерін берік сақтау негізінде қол жеткізуге болады. Сол сияқты тамыз айынан ерте емес кезеңде діндік зиянкестер ошақтарында қабық құрты ұялаған, қураған ағаштарды кесіп тастау және алдамшы ағаштар мен сорттылықтарды орналастыру, қабық құрттың жыртқыш қоңыздарын бір жерге шоғырландыру үшін алдамшы құралдарды пайдалану және қолданыстағы ұсыныстарға сәйкес басқа да шаралар қолданылады;

5) Ағашы кесілген жерлерде қабық құрттың энтомофагтері мекендеуші шағын стансаларды сақтау қабық құрт кешенінде паразиттер мен жыртқыштарды өсіру

үшін белгілі бір мөлшерде кеспе қалдықтарын, түбірлерді, шырпыларды және басқа ағаш дайындау қалдықтарын қалдыруға болады.

Діңдік зиянкестердің энтомофагтерін сақтау, қорғау және өсіп-көбеюіне жәрдемдесу жөнінде жоғарыда көрсетілген шаралар орман қорғау жөніндегі мамандардың қатысуымен орман патологиялық тексеруін мұқият жүргізу қажет.

11. Ағаш кесу кезіндегі санитарлық талаптар

50. Басты мақсаттағы кесуді жүргізу кезінде бірінші кезекте кесу өрттер зақымдаған, желсұлатқан, қар омырған, орман зиянкестері мен аурулары басқа да қолайсыз факторлар әсерінен бүлінген екпелерде белгіленеді.

51. Іріктеп және біртіндеп кесу кезінде бірінші кезекте кесуге діңі, тамыр табаны, ірі бұтақтардың төбесі және бүкіл желегі бүлінген және солып қалған, діңдік зиянкестер ұялаған немесе істен шыққан және аурулар зақымдаған ағаштар жатқызылады.

52. Күтіп-баптау кесуі кезінде бірінші кезекте діңдік зиянкестер ұялаған, аурулар зақымдаған, жел, қар бүлдірген, өсуі мешеулеген, қалжыраған, қурай бастаған, қурап тұрған, төбесі қураған, иілген және механикалық жағынан бүлінген (осылған, қуарған-ойылған, төбелері сынған және т.б.) ағаштар жатады.

Шығыстың мамыр айындағы зауза қоңызы сан жағынан көп болатын аудандарда құрылған қарағайдың ұйысқан өсімдіктерінің және қарағай түбірінің қандаласы жағдайында тазарту мен сирету ісін өсімдіктердің толығын 0,7 кемітпей, бұл орайда жапырақты тұқымдықтардың қоспасын (құрамы бойынша 2-3 бірлік) және орман қолтығын сақтай отырып қажетті жағдайда ағаш тасу соқпақтарын пайдалану негізінде селективтік және желілі-селективтік әдіс бойынша жүргізіледі.

25 жасқа дейінгі қарағай өсімдіктерінің түбір қандаласы ошақтарында күтіп-баптау кесуін жүргізуге болмайды. Түбір қандаласы ошақтарына жақын орналасқан табиғи жағынан ұйысқан жас шыбықтарда күтіп-баптау кесуін жүргізу кезінде сүректердің толығы 0,8-ден кемімеуі керек.

Қарағай өсімдіктерін 3-5 сыныпты бонитетінде кесуді желілік тәсілмен жүргізгенде толымдылық 0,9, қатарлар аралығының ені 2 метрден кем болмауға тиіс, оларды шығыстың және қарағай түбірі қандаласы жағдайында кесуге тыйым салынады.

Толығы төмен қарағайдың жас қабықтарында өте күшті әлсіреген және қурай басталған ағаштар саны 30 проценттен артса, ал желектердің тұтасуы 0,4 аспаса немесе кезкелген тұтасу жағдайында, аталған категориядағы ағаштар саны 50 процент болса, екпелерді жаппай кесу арқылы қайта құру белгіленеді және ағаштар тасылып алынады немесе жағып жіберіледі.

Түбір губкасы мен саңырауқұлақ зақымдаған қылқан жапырақты күтіп-баптау кесуі күзгі-қысқы кезеңде (қарашадан сәуірге дейін) саңырауқұлақтың табиғи

таралуы болмайтын шақта жүргізіледі.

53. Өсетін жерінің жағдайларына, кесінді қалдықтарын сату мүмкіндігіне, ағаш дайындау мен орманды қалпына келтіру жұмыстарының технологиясына байланысты және басқа факторларға қатысты ағашы кесілген жерлерді тазартуға мынадай тәсілдер белгіленеді:

- 1) кесінді қалдықтары жал етіліп үйіледі;
- 2) үймеге, жалға жиналған қалдықтар кейін отын немесе ұқсату ретінде пайдаланылады;
- 3) кесінді үйінділері мен жалы жиналған жерінде шірітуге қалдырылады;
- 4) ағашы кесілген алаңда ұсақталған кесінді қалдықтары (ұзындығы 1 метрден аспайтын) жер үстіне шашып тасталады.
- 5) үйіндіге, жалға жиналған кесінді қалдықтары кеспеағаш алаңында, алаңқайда, бос жерде, сол сияқты саңлаулы жерлерде өрт қауіпі жоқ кезеңде жағып жіберіледі.

Ағашы кесілген жерлерді тазарту тәсілі әрбір жекелеген жағдайда ағаш кесу билетінде көрсетіледі.

Ағаш кесудің барлық тәсілдері кезінде ағаш дайындаушылар кеспе ағашта кесуге жатқызылмаған өскіндер мен басқа да ағаштарды бүлінуден сақтауды қамтамасыз ете отырып, кеспеағашты тазартуды ағаш кесумен бір мезгілде жүргізуге міндетті.

54. Қысқы кесуден кейін, көктемде ағаш дайындаушылар тазартудың белгіленген тәсіліне сәйкес ағашы кесілген орындарды толық тазартуды жүргізуге міндетті. Табиғи түлеп өсуге арналған кеспеағаштарда кесінді қалдықтарының үйінділері мен жалдары болашақ өсімдіктер қатарларына жапсарлас орналастырылуы керек және трактордың шынжыр табаны арқылы тапталды.

55. Құрғақ құмдақ топырақта өскен екпелерде, тастақты топырақтағы қарағай екпелерінде жапырақты орманда және басқа қатты жапырақты екпелерде сол сияқты ауыр топырақтағы шырша орманында ағаштың өздігінен тұқым шашуын күн қызуынан, үсіктен және т.б. жағдайдан қорғау үшін ағашы кесілген жерлерде кесінді қалдықтары ұзындығы 1 метрге дейін етіліп ұсақталып ағашы кесілген алаңға біркелкі етіп шашып тасталуға тиіс.

56. Ызғарлы және дымқыл топырақты жерлердегі қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты екпелерде ағашы кесілген жерде пайда болған өздігінен тұқым шашу жағын түлетуге жатқызылады, ағашы кесілген жерлерді тазарту үлкен емес (биіктігі 0,5 метрге дейін) кесінді қалдықтарын жинау жолымен, тығыз үймелерді өскіндерден бос жерлерге (түбірлер мен шағын түлеген шыбықтар арасына) жинау керек.

57. Құмдақ және жеңіл сазды топырақты алқаптағы қылқан жапырақты және

жалпақ жапырақты екпелерде шаруашылық жағынан құнды тұқымдықтардың түлеп өсуі мақсатында жәрдемдесу топырақты жақсарту қажет болып табылады, ағашы кесілген жерлерді тазарту үймелер мен жалдарға жиналған кесінді қалдықтарын отқа жағып жіберу тәсілімен жүргізілуі керек.

58. Тау ормандарында ағашты біртіндеп және іріктеп кесуді жүргізу кезінде кеспеағашты тазарту кесінді қалдықтарын ұзындығын 1 метрге дейін ұсақтап біркелкі етіп жер үстіне шашып тастау керек. Ағашты жаппай кесу кезінде эрозиялық процестерді болдырмау үшін кесінді қалдықтарын ені бір метрлік жалға жинап, олар тау баурайына әрбір 8-10 метр сайын көлденең орналастырылады осындай мақсатпен ағаш кесудің барлық түрінде кесінді қалдықтарының бір бөлігі трактор жүретін жолдарға (соқпақтарға) жал етіліп үйіледі.

59. Діндік аурулардың, тамыр және жүйке-аурулары ошақтарында кесінді қалдықтарын өрт қаупі ережелерін сақтай отырып, міндетті түрде отқа жағып жіберу немесе жерге көму керек.

Ұқсатуға немесе сатуға арналған кесінді қалдықтарын көктемгі жазғы маусым мерзімін ескере отырып, осы ережелердің 12 қосымшасында көрсетілгеніндей олардың қашан дайындалғанына қарамастан бір ай орман ішінде сақтауға рұқсат етіледі.

60. Бұландарды және басқа жануарларды азықтандыру және оларды орман өсімдіктері мен құнды ағаш тұқымдықтарының табиғи түлеуші өскіндерін жеп қоюдан сақтау үшін күзгі-қысқы қалдықтарын және басқа азықтық тұқымдықтарды қалдыруға рұқсат етіледі және кейін өрт қаупі басталар кезеңге дейін оларды міндетті түрде жинап алып, кеспеағаштан тазартылады.

61. Қылқан жапырақты тұқымдықтардың түбірінде қарағайдың үлкен бізтүмсық қоңыздары және басқа зиянкестердің жаппай өсіп-көбеюі, және олар жас шыбықтарды бүлдіруі қаупі туған жағдайда жас шыбықтарды, ал тек ерекше жағдайларда осы ережелердің 11-қосымшасына сәйкес түбірлерді жәндіктердің ұялауынан бұрын химиялық өңдеу жүргізіледі. Емен ормандарында және терек екпелерінде қажетті жағдайда түбірлерді діндік зиянкестерден қорғау үшін химиялық әдіс қолданылады.

62. Ағаш кесудің барлық түрінде сүректерді төменгі қоймаға тасып жеткізу, әдеттегідей, оларды дайындаумен бір мезгілде атқарылады. Сүректерді тасып әкету қиындаған жағдайда сүректерде орман ішінде көктемгі-жазғы кезеңде сақтауға осы ережелердің 11 және 13 қосымшаларында жазылған әдістер мен аудандардың климат жағдайларын ескере отырып, белгіленген мерзімде сүректерді міндетті түрде діндік зиянкестердің ұялауынан және санырауқұлақ ауруына шалдығудан сақтау шаралары қолданылған жағдайда рұқсат етіледі.

63. Ормандарда және орманнан 2 шақырым қашық жерде, осы Ережелердің 12

қосымшасында көрсетілген мерзім ішінде қылқан жапырақты тұқымдықтардың қабығы аршылмаған немесе химиялық немесе басқа әдістермен өңделмеген, зиянды жәндіктердің ұялауынан және зақымдауынан қорғалмаған сүректерді қалдыруға болмайды.

64. Көктемгі-жазғы кезде дайындалған қылқан жапырақты тұқымдықтардың, еменнің, шағанның, қара ағаштың сүректерін тасып әкету, қабықтау мен қорғау осы шараларды жүргізу сәтінен 10 күннен кешіктермей атқарылуға тиіс.

65. Қайыңның және қандағаштың жазғы кезеңде дайындалған сүрегін, оларды сақтаудың арнайы тәсілдері қолданылған жағдайда орман ішінде 2 айға дейін қалдыруға болады.

66. Орманда ағаш кесілген және сүректер сақталған жерлерде зиянды жәндіктердің және аурулар зақымдаған ағашты, қабықталмаған ағаш материалдарын, орман өсімдіктерін және табиғи түлеп өсуді дер кезінде анықтау және тиісті қорғаныш шараларын жүргізу мақсатымен орман патологиялық қадағалау жүргізіледі. Ағаш кесудің аяқталуы бойынша қадағалау ағаштарда өсімдіктердің, табиғи түлеудің зақымдану қауіпі сақталып отырған жағдайда 1-3 жыл бойы жалғастырылады.

12. Сүректерді қоймаларда, тиеу пункттерінде және тасымалдау кезіндегі санитарлық талаптар

67. Көктемгі - жазғы кезеңде сүректерді жоғарғы және төменгі қоймаларда сақтаған жағдайда оларды зиянды жәндіктер мен саңырауқұлақтардың зақымдауынан сақтау жөніндегі шаралар жүргізіледі осы мақсатта сүрек дөңгелек ағаш материалы (сортты), ұзын және жас шыбықтар түрінде ағашты діндік зиянкестерден (11-қосымша) химиялық қорғау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес текшелей үйіліп, қабықталып немесе инсектицидтермен өңделуге тиіс немесе осы ережелердің 13 қосымшасында ұсынылған тәсілдермен сақтау қамтамасыз етілуге тиіс.

68. Дайындалған сүректі діндік зиянкестердің ұялауынан және саңырауқұлақпен зақымдауына қарсы шараларды дер кезінде қабылдау мақсатында ағаш дайындаушылар сүректі қоймаларда және тиеу пункттерінде сақтауда жүйелі түрде бақылау (қадағалау) қоюға міндетті.

Зиянды жәндіктер ұялаған дайындалған ағаш материалдары дереу қабықталып, кейін қабықты отқа жағып жіберуде өрт қауіпсіздігін немесе инсектицидтермен өңдеуді берік сақтауға міндетті.

Шірітуші зақымдаған ағаш материалдары ұқсату, отын немесе әлгідей жеке мақсаттарға арналғанда сұрыпталуы керек.

69. Діндік зиянкестер ұялаған ағаш материалдарын тасымалдауға оларды тек қана қабықтаған және инсектицидтермен өндегеннен кейін рұқсат етіледі. Ағаш материалдарын жәндіктер ұялаған кезде оған қарсы қабықтау мен химиялық

өндеудің тиімділігі шамалы, сондықтан сүректі тереңірек жедел ұқсату ұ с ы н ы л а д ы .

70. Сүректерді тасып әкеткеннен қоймалар мен тиеу пункттерінің аумағы кемсінді қалдықтарын, қоқыстардан, шырпылардан шіруші сүректерден тазартылуы керек.

13. Ағаштан шырын ағызу және шайыр ағызу кезіндегі санитарлық талаптар

71. Шырын ағызуға арналған қарағайлар мен самырсындардың, ал шайыр ағызуға арналған қарағайлар екпелері олардың жай-күйін анықтау үшін алдын-ала тексерілуі керек.

Орманның қылқан жапырақты кемірушілерінің және діңдік зиянкестердің ошақтарында оларды ең алдымен жоймайынша, сол сияқты өрттер немесе өзге де факторлар әлсіреткен екпелерде шырын ағызуға болмайды.

72. Әлсіреген ағаштардан, жуандығы 16-18 см кем, дің шеңберінің 50 проценттен астамы сұр көбелек зақымдаған ағаштардан шырын ағызуға рұқсат етілмейді.

73. Шырын және шайыр ағызуға бөлінген екпелерде осы жұмыстар басталғанға дейін діңдік зиянкестер ұялаған, аурудың әсерінен қураған және қураған ағаштар кесіп тасталады, кесінді қалдықтары жиналады. Зиянкестер ұялаған ағаштарды іріктеп алуда діңдік зиянкестердің дамуы ескеріліп жүргізіледі. Қажетті жағдайда бұл жұмыс кейінде атқарылады. Шырын ағызылған екпелерге тұрақты түрде орман патологиялық қадағалау жүргізілуі қажет.

74. Кайың мен үйеңкі шырынын дайындауда ағаштардың тұрақтылығы және сүректердің техникалық сапаларын сақтауды қамтамасыз ететін тәсілдерге жол беріледі. Ағаштар діңіндегі бүрғыланған каналдар шырын ағызу маусымының аяқталуы бойынша міндетті түрде ағаш тығынмен жабылады немесе бау желімімен немесе әк араластырылған балшықпен майланады.

14. Орманды мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану кезіндегі санитарлық талаптар

75. Мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдаланылатын ормандардың жай-күйін сақтау және тұрақтылығын арттыру мақсатында олардың орман патологиялық жай-күйі үшін қадағалау жүзеге асырылуға, аумақтарды ұйымдастыру жолымен орманға рекрециялық қажеттілік реттелуге, сол сияқты ормандардың құрылымы мен пайдаланылу ерекшеліктерін ескере отырып санитарлық сауықтыру және өзге де шаралар орындалуға тиіс.

76. Аумақтарды жоспарлаумен байланысты ағашты кесу, ландшафтық кесу, қайта құруға кесу және күтіп-баптау кесулерінде кеміс және қурап тұрған ағаштарды, тұрақтылығы мен сәнділігі төмен ағаштарды іріктеп кесу, бірақ

сәнділік қасиеттері сирек кездесетін ағаштар, тіпті егер олардың патологиялық белгілері болса да, олардың өміршеңдік қасиетін елеулі түрде бұзбайтын жағдайда кеспей қалдырылады.

Ағаштарды механикалық және өзге де зақымданудан барынша сақтау мақсаттарында ағаш кесудің барлық түрлері, ағаштардың діңдік зиянкестерінің көктем кезіндегі топтарының ұялай бастағандарын іріктеп алудың басқа әдеттегідей, қыс кезеңінде жүзеге асырылады. Ағаштар биік жағымен жол-сүрлеу жүйесіне, алаңқайларға, бос жерлерге және басқа бос жерлерге құлатылады. Бұтақтарды отау мен шыбықтарды бұтау, сүректерді сүйреу мен тасып әкету сүректер мен бұта өсімдіктерден бос жер бойынша жүзеге асырылады.

77. Парктерде, ескерткіштік сипаттағы екпелерде, әсіресе ормандардың құнды учаскелерде осы ережелердің жалпы талаптарын орындаумен қатар ағаштарды жеке-дара қорғауды, атап айтқанда, жарақаттарын емдеу, құраған және зақымданған бұтақтарды кесу, құрттар мекендеген қабықтарды шауып тастау, қуыстарды бекіту жүргізіледі.

78. Орманды тұрмыстық қалдықтармен, тастандылармен ластауға, қоқыстарды төгуге және құрылыс қалдықтарын төгуге тыйым салынады. Елді мекендерден қоқыстарды отқа жағып жіберу тек қана белгіленген тәртіпте, арнайы бөлінген учаскелерде ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

15. Санитарлық талаптарды орындау үшін бақылау және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік

79. Орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органдары, ауданаралық инженерлер-орман патологтері, орман өсімдік қорғау стансаларының қызметкерлері, мемлекеттік орман күзетінің басқа да қызметкерлері өздерінің құзыреті шегінде ормандарда санитарлық талаптарды орындау үшін бақылауды жүзеге асырады, қажетті жағдайларда өзге орман пайдаланушыларға мамандандырылған орман Қорғау жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуде көмек көрсетеді немесе оларды белгіленген тәртіпте шарттар бойынша орындайды.

80. Орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органдары, жергілікті жердегі атқарушы органдардың келісімімен жұмыстарды, егер олар ормандар мен осы санитарлық ережені бұзу қауіпін төндіретін болса, тоқтатып қоя алады.

81. Санитарлық ережелердің бұзылуына жол берген заңды, жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңдарына сай жауапкершілікке тартылады.

Б е к і т е м і н ,

ұйымның басшысы

**Санитарлық-сауықтыру шараларын
жүргізу жоспары (түзету)**

199__жылғы " __ " __

Орман.	шар.	телім	телім.	белгі.	Қысқаша таксациялық			
шылық	шы		нің кө.	леудің	сипаттама			
	нөмері		лемі, га	себебі				
					Жасы	бонитет	орташа	орташа диа.
					жыл		биікті.	метрі, см
							гі, м	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

жалғасы

Сүрекдіңнің қоры, м				
				Категория
1 га	барлығы, га	оның ішінде		
		өтімдісі		

2-қосымша

**Екпелердің категориялық жай-күй
(тұрақтылық сыныптары)**

**Екпелердің категориялық жай-күйінің
(тұрақтылық сыныптары) көрсеткіштері**

1 сынып	Биологиялық	II сынып -	III сынып
	тұрақтылығы	тұрақтылығы	тұрақтылығы жоғалған
		бұзылған	

Ағымдағы табиғи шегінде Табиғи сирексуі мөлшерінен екі және одан да сирексуі диаметрі төмен көп артады және орман шымылдығының ағаштары ағаштар есебінен есебінен болады, диаметрі сүрекдіңнің басымырақ орташа диаметріне жақын немесе одан көп.

Қурауы жалғыз, топталуы көбінесе топтала, бір бөлігі, аралас сипаты сирек бір бөлігі, аралас немесе жаппай

Қуарушы толығы сәл-пәл белгіленген шектен белгіленген шектен және қуар кеміген кезде төмен емес толығын төмен толығын ған ағаш. сақталады кеміткен кезде кеміткенде тарды кес. сақталады. сақталмайды

к е н н е н
к е й і н г і
с ү р е к д і ң .
н і ң

т ұ т а с т ы ғ ы

Зиянкес. байқалмайды елеулі болуы жаппай болуы
термен, немесе жалғыз мүмкін мүмкін
а у р у л а р м е н ж а р ы м
б ү л і н г е н і ,
з а қ ы м д а н ғ а н ы

Сау сүрек, әлсіздік белгісі әлсіреген белгісі әлсіреген, қурай
дің құра. жоқ ағаштардан жоқ ағаштар үле. бастаған, қураған
мындағы басымырақ сінде әлсіреген, ағаштар басымырақ,
категория қурай бастаған, әлсіреген белгісі
жай-күйінен қураған ағаштар. жоқ ағаштар үлесі
басымырақ дың үлесі елеулі азырақ

ұлғайған

Ескерту: Ағымдағы сирексу өсу барысы кестесі бойынша анықталады.

3-қосымша

Ағаштардың санитарлық жай-күйінің шкаласы

Категориялар Тұқымдықтар бойынша ағаштардың жай-күйінің белгілері		
балы		
	қылқан жапырақты	жалпақ жапырақты

1-әлсіреген желегі қою, қылқаны (жапырағы) жасыл, қураған, бүлінгені жоқ

б е л г і с і

ж о қ

II-әлсіреген. желегі әлсіз, селдір, қылқаны желегі әлсіз, селдір, жапы. дері жасыл, ақшыл-жасыл немесе рағы ерте түседі немесе желінген, күйген 1/3 көп емес, желінбеген, 25% дейін, жеке бұтақтары қураған, жеке. жекелеген бұтақтары, қураған леген түбір табаны бүлінген, діңінің әр жері, түбір діңінің әр жері бүлінген өскіндер жекелей.

III-өте желегі өте сирек, қылқаны желегі өте сирек, жапырағы күшті ақшыл-жасыл, немесе сұр өте кіші, ақшыл, ерте сар. әлсіреген ақшыл, тіпті желінген ғаяды, сирейді, өсуі өте баяу, (күйген) 2/3 дейін, өсуі тіпті жоқ желегінің 2/3 бөлігі өте баяу, желегінің 2/3 қураған, діңі мен түбір табаны қураған түбір табаны немесе 2/3 бүлінген діңінің, бұтақ. өзге діңі өте күшті зақым. тарынан шырын ағады, діңдік данған зиянкестер ұялауға тырысқан, сулы өскіндері мол діңінде

кұрттар бар.

IV-қурай желегі кіші сирек, қылқаны желегінің 2/3 қураған, бастаған сұр, сарғыш сары-жасыл, қурай бастаған, діңі мен төгілмелі, өсуі өте баяу, түбір табанының айналасы кейде өспейді, бұтақтарының 2/3 бүлінген, діңдік зиян. 2/3 бөлігі бүлінген, діңдік кестердің ұялауы белгісі бар, зиянкестердің ұялау белгісі сулы өскіндері қурай бастаған.

бар

V-енді сұр, сары, қоңыр, қылқаны жапырағы қураған, семген, қураған жиі төгіледі, қабығы жиі жойылған, қабығы жиі сирейді, (ағымдағы сирейді, діңдік зиянкестер. зиянды, діңдік зияндылардың жылы) дің ұялау белгісі бар, ұялаған, ұшыққан белгілері орал діңнен ұша бастаған бар.

VI-байырғы қылқаны жоқ, бұтағы кішкентай, жиі төгілмелі, толық төгіледі, қураған діңдік зиянкестердің ұшып шығатын саңылаулары бар, қабығы өткен жыл. астында ағашты бүлдіретін зиянды құрттар. дарғы

Е с к е р т у :

1. Сүрек тұқымдастықтарының әлсіреуі мен тұрақтылығы себептерінің ерекшеліктерін ескере отырып, шкала зиянкестердің, аурулардың, басқада бүлдірушілердің түрліше ошақтары негізінде нақтыланады.

2. Сынау алқаптарына есептеу кезінде III-IV категориядағы ағаштардың діңдік зиянкестер ұялағаны және аурулар зақымдағаны міндетті түрде көрсетіледі, бұл

үшін есептеу тізімде тиісті графалар көзделген.

3. Желсұлатқан, дауыл омырған, қарқұлатқан ағаштар діндік зиянкестердің ұялауы деңгейіне қарай жеке түрде көрсетіледі.

4. Ағаштардың жай-күйі бойынша барынша нақты есебі қажет болған кезде зиянкестер мен аурулардың жекелеген ошақтары бойынша қосымша категорияларды бөліп көрсетуге болады.

4-қосымша

Сүрекдіңдердің санитарлық жай-күйін анықтау баллы (Каз ОШҒЗИ аушарғылымы кандидаты

Ю.И.Гнинеконның ұсыныстары)

Сүрекдіңнің жай-күйінің орташа түлеуінің санитарлық жай-күйі, мына нысан бойынша:

$$B = \frac{z_1 n_1 + z_2 n_2 + z_3 n_3 + z_4 n_4 + z_5 n_5 + z_6 n_6}{n_1 + n_2 + n_3 + n_4 + n_5 + n_6}$$

мұнда: $z_1...z_6$ - ағаштардың жай-күйінің біріншіден алтыншыға дейінгі категориясы.

$n_1...n_6$ - жай-күй категориясына сәйкес сынақ ағаштардың саны.

Сүрекдіңдердің санитарлық жай-күйінің баллын анықтау кезінде жай-күйі бойынша 1 ден 6-дейінгі категорияға қатысты барлық ағаштар есепке алынады.

5-қосымша

Ағаштарды санитарлық кесуге іріктеп алу

1. Орман өрттерінен кейін ағаштарды санитарлық кесуге іріктеп алуда желектің, діңнің, түбір табанының, ағаштардың жалпы жай-күйінің отқа шалыну жағдайын бағалау негізінде жүргізіледі. Жас қарағай тоғайларында алғашқы екі жылда ағаштардың өміршең тұрақтылығының аса сенімділік белгісі өсіп тұрған діңнің күйген жерінің биіктігі (төменгі бөліктегі жұқа қабықтың күйі аса қауіпті), қураған, өте қураған ағаштарда - түбір табаны мен түбір алқымы (қауіпті деңгейі діңнің айналасының 75 проценті және онан көп болса) анықталады, осыған ұқсас самырсын мен балқарағай бағаланады. Шырша, қайың, майқарағай отқа сәл-пәл төзімсіз, олар отқа шалынғанда жалпы күйі әлсірейді, нашарлайды, қурайды. Өртең жерде құлаған ағаштарды жедел жинау керек. Іріктеп санитарлық кесуге ағаштар отқа шалынып, бүлінгеннен кейін іле кірісу керек, кесуді көктемдегі өртеңде келесі жылдың 1-маусымына дейін, ерте жаздағы өртеңде 1-тамызға дейін ал жаз соңындағы-күздегі өртеңде келесі жылдың 1 мамырына дейін аяқтау керек, көлемі зор өртеңді өңдеу жұмыстарын Республикалық орман шаруашылығы ұзартуға тиіс емес.

2. Жел құлатқан немесе сындырған ағаштарды түгел немесе құлаған, сындырған ағаштарды жарым жартылай жинау керек. Осы орайда бүлінген орманды өңдеуді мына мерзімдерде аяқтау қажет: жаздың соңы күзгі-қысқы бүлінуді - 1-мамырға дейін, көктемдегіні - 1 шілдеге дейін, ерте жаздағы - 1-тамызға дейін; көлемі ірі учаскелерден желсұлатқан, дауыл омырған ағаштарды сұрыптауды 1-2 жыл ішінде, мұнда қадағалау мерзімі, кесудің кезекшілігі р е т т е л е д і .

3. Қар мен мұздақ бүлдірген екпелерде желегінің $\frac{2}{3}$ және одан көп бөлігі бүлінген, құлаған ағаштар міндетті түрде кесіледі. Бұл ағаштарды 1-шілдеге, ал келесі жалдың 1 мамырынан қалдырмай жинау ұсынылады.

4. Діндік зиянкестер ұялаған ағаштарды іріктеп алу ісі зиянкестердің өсіп-көбею ошақтарында, олар пайда болған екпелерде, өрттер, жел, қар, қуаңшылық, шамадан тыс қураған, шамадан тыс дымқыл жерлердегі өнеркәсіп қалдықтары, қылқанды жапырақты кеміруші жәндіктер, түбір шірітуші, басқа да қауіпті аурулар, өзгеде себептер мен кешенді себептер әсерінен бүлінген, әлсіреген екпелерде жүргізіледі.

Зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алу, таңбалау ісінде ағаштардың жойыла бастауының түрліше типінде зиянды жәндіктердің ұялауының сипаты белгісін, сүрек тұқымдықтары мен зиянкестер түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін алу керек, мұнда қылқанды тұқымдықтарда басты себептер қабық құрттардың ұялауы болып табылады.

5. Тамыр кеміргіш пен опенкамен зақымданған қылқанды екпелерде кесуге жай күйі 3-4 категориядағы ағаштар жақызылады, мұнда аталған аурулармен зақымданған, қураған ағаштарды іріктеп алу кезінде қураған учаскелер төңірегіндегі ағаштарда қамтылады.

Тамыр шірітушілердің, діндік зиянкестердің саны мол ошақтар болған жағдайда ағаштардағы жәндіктердің дамуы мерзімін және олардың биологиялық ерекшеліктерін, жұқпалы аурудың әсерін, ошағының фазасын ескере отырып жү р г і з у к е р е к .

Емен ормандарында, басқада жапырақты екпелерде опенка ошағындағы іріктеу санитарлық кесу жоғарыда көрсетілген әдіспен жүргізіледі.

Тамыр зақымдаушы ошақтардағы іріктеп санитарлық кесуді басқада қоғаныштық және орман шаруашылығы шаралармен ұштастыру, сол сияқты кесудің жиілігі әрбір нақтылы жағдайға қарай анықталады.

6. Смола рагы-серянкамен зақымданған қарағайлы екпелерде бірінші кезекте өте-мөте зақымданған (жарақат желектің төменгі тұсында дің айналасының $\frac{2}{3}$ бөлігін қамтыған жағдайда), қылқаны сарғая бастаған, діндік зиянкестер ұялаған, сол сияқты Крафт бойынша 4-5 сыныпта өсу күйіндегі әлсіреген ағаштар іріктеп а л ы н а д ы .

Екінші кезекте жоғарғы жағы қураған ағаштар іріктеледі. Зақымданудың алғашқы сатысындағы ағаштар, желегі сиреген, қылқаны қалыпты күйдегі ағаштар қарағай ауруына одан әрі шалдығуының деңгейіне қарай кесіледі.

7. Тамыр микрозымен зақымданған емен ормандарында, ең ынғайлысы, күзгі-қысқы кезеңде жинап алуға 4-5 категория жай-күйіндегі, сол сияқты 3-4 категориядағы қарағаштың голландық ауруы ошақтарындағы ағаштар жатқызылады, алайда, осы ағаштарды іріктеп алу мен таңбалу ісі осы ережелердің 8-қосымшасында көрсетілген ағаштарды зиянкестер ұялай бастаған мерзімге орайластырып, қауіпті жәндіктер биологиясын ескеріп жүргізеді.

8. Майқарағай, самырсын және жалпақ жапырақты тұқымдықтардың шіру-раг аурулары ошақтарында ауру ағаштарды іріктеп алу дің айналасының 1/2 бөлігінен астамының жарақаты бар ағаштар, сол сияқты қурай бастаған, қурап тұрған немесе діндік зиянкестер әлсіреткен жағдайында жүргізіледі.

9. Қылқанды, шаруашылық жағынан құнды жалпақ жапырақты тұқымдықтардың діңі аурынан зақымдаған жағдайда іріктеуге жеміс салатын ағаштар белгіленеді.

Өсу қабілеті бар, ойықты ағаштар (гектарына 3-5 данаға дейін) пайдалы құстар мен аңдардың қоныстауына жәрдемдесу үшін қалдырылады. Сондай-ақ қауіпті зиянкестер, егер орман учаскесінде анықталған болса, энтомофаг-жәндігіне мекен болуы үшін ойықты ағаштар қалдырылады.

Діндік шіруге зақымданған терек, қайың және тал екпе ағаштарында іріктеп санитарлық кесу 1 топ ормандарының құнды ағашты учаскелерінде (орман-парк шаруашылықтары мен санитарлық-гигиеналық ормандарда) жалпы зақымдану ағаштардың 20 процентінен аспаған жағдайда атқарылады.

Діндік шіруге барынша зақымданған жағдайда ормандардың барлық топтарындағы осындай екпеағаштар құнды тұқымдық ағаштармен алмастырылып қайта құрылады.

10. Паразитті өсімдіктері бар ағаштар - улы ақжиекбұта, ремноцветник, ломонос, арша және басқа түрлері өте әлсіреген жағдайда кесіледі, ал сәл-пәл әлсіреген ағаштардың паразит зақымдаған бұтақтары кесіп тасталады. Бұл жұмысты топтағы орманның құнды учаскелерінде көбінесе қысқы уақытта орындайды.

11. Атмосфераны өнеркәсіп ластаған аймақта (газды, шаң-тозаңды, түтінді) зиянды жәндіктердің жетілуі мерзімін ескере отырып, діндік зиянкестер ұялаған ағаштарды, сол тәрізді жай-күйі 4-6 категориядағы ағаштарды ұдайы іріктеуді жүргізу қажет.

12. Ағаштары механикалық жағынан және ағаштарын тұяқты жануарлар бүлдірген екпеағаштарда кесуге діңі мен түбір табаны-алқымы айналасының тең жартысы зақымданған ағаштар (түбір табанының бүлінуі - жер үстіндегі

ауқымының жартысынан астамы бүлінген жағдайда), сүректі шірітуші, ағашты бұзушы мүйіз құйрықты және басқа жәндіктер, зақымдаған белгісі бар, сондай ақ омырылған, құлаған, қурай бастаған, қурап тұрған ағаштар белгіленеді.

13. Шөлейт аймақтағы таулы ормандарда іріктеп санитарлық кесу екпеағаштың толымы 0,6-0,9 болып, ағаштардың санының 30 процентке дейін қуарған жағдайда жүргізіледі. Кесуді жүргізу кезінде екпеағаштың өте-мәте сиреуіне жол берілмейді. Толымдылық 0,5 кем, ал өзендер жағасы бойынша өзендер, көлдер, су қоймалары және басқа су объектілерінің жағалары бойынша нормативтерге сәйкес белгіленетін тыйым салынған жолақтарда толымдылық 0,7 кем болмауға тиіс. Тоғай ормандарын сауықтыруға бағытталған, зиянкестерді жоюды өзіне тікелей ұштастырған анағұрлым тиімді шаралар зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеп алу болып табылады.

Тоғайлардағы ағаштарға ұялаған зиянкестердің негізгі белгілері: өсуді кеміту, өскіндерді қысқарту жапырақтардың мөлшерін кішірейту, желектерді сирету болып табылады. Қосымша белгілер: қабық астына жыра жасаған, онан қоқырұнтақ төгіледі, сүрекке қайыздың ұсақ құртының жабысуы, қабық астына жасырынған басқада зиянкестер мен жез қоңыз, наманған және басқа зиянды құрттар кемірген, жіңішке тұрпатты жез қоңыз жұмыртқасы (бүргесі, жез қоңыз ұялаған қабық астының жарықтан, қарайған ойықтан шырын ағызу, торанғұл және өзбек көктерегінің ұсақ құрты), наманған қаяз құрты т.б.

Ағаштарды таңбалауды оған ағаш жәндіктері ұялағаннан кейін бастау керек. Күнтізбелік мерзім-зиянкестердің биологиясын ескеріп белгіленеді. Ағаштарды кесу таңбалаудан кейін 1-2 аптадан соң жүргізіледі.

14. Сексеуіл ормандарында зиянкестер зақымдаған ағаштарды іріктеп омыру қабықтың ішкі зиянкестерімен күрес жөнінде анағұрлым ықпалды шара болып табылады. Сексеуіл омыруды күзгі-қысқы кезеңде жүргізген тиімді болмақ. Сүректі тасып әкетуді аяқтау мерзімі - мамыр айының соңы.

15. Тау аймағындағы Шренк шыршасы екпеағаштарында қабық құрты жеген, ақшыл-жасыл, қылқаны мен қылқаны жойылған ағаштарды жинап алады. Бұл жұмыс күзде, қыста немесе ерте көктемде (наурыз, сәуір) - зиянкестер ұшудан бұрын жүргізіледі. Оларды жүргізудің мерзімі ауа-райы, тіке аймақтық, және т.б. жағдайларда ескерумен нақтыланады.

16. Арша екпеағаштарында өте әлсіреген, зиянкестер ұялаған, желегінің 75 проценті сиреген, сол тәрізді сарғайған ағаштар жинап алынады.

6-қосымша

Сынақ алқабындағы ағаштарды санаудың нысаны

Т і р к е л г е н

С ы н а қ а л а ң ы

Сынақ алаңының N _____, сүректіңде _____

Сынақ _____, облысы _____ кәсіпорны _____,

Орманшылық шаршы телім

Сынақ алаңының түрі мен мөлшері

Кеспеағаштың таксациялық сипаттамасы

Құрамы _____ жасы _____ бонитет _____

биіктігі _____ га-ға қор _____ орман тұрпаты _____

жерінің бедері _____ экспозициясы _____ топырағы _____

_____ өскіндер _____ орман қолтығы _____

шөп жапқан _____ толықтығы _____

сынақ бойынша қорытынды:

Орман патологиялық сипаттамасы

Әлсіреудің немесе құраудың себептері _____

Бүлінген, зақымданған саты: жалғыз-жарым, әлсіз, орташа,
күшті (қажеттісінің асты сызылады)

Бүлінген ағаштарды бөлу түрі: жалғыз-жарым, топтық бөлігі,
жаппай (қажеті асты сызылады)

Зиянкестер мен ауру ошағының типі (қажет асты сызылады)-
ауық - ауық, созылмалы

Ошақтың даму фазасы (қажеті асты сызылады) - пайда болушы,
әрекет етуші, сөнген, сөне бастаған

ағаштарды жай-күйінің орташа категориясы _____

қоқыстар, қоқыстардың түрі, м. текше/га, оның ішінде өтімсіз

" _____ " _____ 199 _____ ж.

С ы р т қ ы б е т і

Ағаш.	тұқым	толым	жай-	діндік	діндік	зиянкес.	аурулар	басқа
тың	дылық	дылық,	күйі	зиянкес.	зиянкестер	тердің	зақым.	дай
нөме.		см.	кате.	термен	әлсіреткен	энтомофа.	даған	зақым.
рі			гория.	зақымдан.		гімен ау.	(ауру.	дану
			сы	ған (зиян		рулар за.	дың	
				кестің		қымдаған	атауы)	
				атауы)				

**Жаппай санитарлық кесуді талап ететін
екпеағаштардың жиынтық тізімі**

_____ **Ормшар бойынша** _____ **облысы**

орман	шаршы	телім	алаңы	Қысқаша таксациялық сипаттама					
шылық	ның		га						
тың									
атауы									
				құрамы	жасы	толымы	бонитет	орташа	орташа диа.
								биікті.	метрі, см.
								гі, м.	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

ж а л ғ а с ы

сүректің қоры				орман	түлеп өсудің	сүректіңнің			
				типі	қамтамасыз	әлсіреуінің			
бір га	барлығы	оның ішінде			етілуі	себебі			
шаққанда		өтімдісі							
11	12	13			14	15			16

Ормшар директоры:

Инженер - орманпатолог
(орман қорғау жөніндегі
маман)

8 қосымша

**Биологиялық тұрақтылығын жойған екпеағаштарда
орналастырылған сынау алаңдарының жиынтық ведомосты**
_____ **ормшар бойынша** _____ **облысы**

орманшылық	сынақ	шаршы.	телім	сынаудағы	сүректіңнің
------------	-------	--------	-------	-----------	-------------

	алқабының N	ның N		ағаштардың	әлсіреуінің себебі	
				с а н ы , д а н а		

1	2	3	4	5	6

ж а л ғ а с ы

жай-күйі категориясындағы ағаштарды бөлудің							кесуге	басым	
сынақтағы жалпы санының проценті							жатады %	зиянкестер.	
								мен а у р у л а р	
								д ы ң а т а у ы	
тұқым.	I	II	III	IV	V	VI			
д ы қ									
7	8	9	10	11	12	13	14	15	

9 қосымша

Зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеудің шарты мен мерзімі

Діндік зиянкестермен зақымданған ағаштар

Қарағай. Мамырдың аяғынан маусымның аяғына дейін және жаздың екінші жартысындағы көктемгі зиянкестер кешеніне қарсы қарағайдың зиянкестері үшін (қарағай қабығын жеуші, қабық жегіш, ағаш төбесін, алтытісті-стенографа).

Күзде және қыста - жазғы кешеннің зиянкестеріне қарсы (қарағайдың көкшіл жез қоңызы, қаяздың бірнеше түрі т.б.)

Өртенген қабықты жеуші қабық құртқа қарсы ағаштарды іріктеп алу мамырдың басынан немесе күзде-қыста; майқарағайдың үлкен қарақұртына қарсы -маусымнан қалдырмай әрекет ету.

Шренк шыршасы. Гаузер қабық жегіші, шырша гравері, Шренк микрофаги зақымдаған Шренк шыршасы екпе ағаштарында ағаштарды іріктеу күзде-қыста немесе ерте көктемде (наурыз-сәуір) - зиянкестердің құрты ұшуына дейін жаз басына дейін. Теңіз бетінен 1200-ден 1600 метрге дейінгі биіктіктегі қос генерация жайында іріктеу күзде немесе қыстан шыққан қабық құртының ерте көктемде ұшуына дейін; жаздың алғашқы жартысында (маусым-шілде) қоңыздардың екінші түлеп ұшуының басталуына дейін жүргізіледі.

Мүйізқұйрыққа қарсы ағаштарды іріктеу жаздың алғашқы жартысында

жүргізіледі, сүректер қысқа мерзімде тасып алынып отынға пайдаланылуы керек.

Самырсын. Самырсын екпеағаштарында шілде-тамызда ұзын қабық жегішке қарсы іріктеу атқарылады.

Майқарағайдың ұзын құртына қарсы зиянкестер ұялай бастаған ағаштарды іріктеу қарағай мен майқарағай екпеағаштарындағыдай әдіспен жүргізіледі.

Қарағаш. Қарағаш екпелерінде қабық жегіштің бір түлегіне қарсы мамыр, маусымда, екінші түлегінде зиянкестердің биологиясына қарай іріктеу атқарылады.

Емен. Батыс Қазақстанда емен екпеағаштарында ойпаттарда зиянкестердің ағашқа ұялай бастаған кезінде еменнің қабық жегішіне қарсы сәуір-мамырда немесе күзгі-қысқы кезеңде, жіңішке, қос жолақты жезқоңызға, еменнің жіңішке құртына қарсы, мамыр немесе қыстан қалдырмай іріктеу жүргізіледі.

Терек, көктерек. Терек, көктерек екпеағаштарында көктеректің үлкен және кіші ысқырғыш құртына қарсы ағаштарды іріктеуді маусымның бірінші жартысынан қалдырмай жүргізу керек.

Сексеуіл. Сексеуіл ормандарында діндік зиянкестерге қарсы іріктеуді (жезқоқыс тұқымдасына *Srhenaptera*, сексеуілдің тұқымдасына *Turgumenidenia*, сексеуіл кеміргішіне *Prionus anqustatus* B. Iac), күзгі-қысқы кезеңде жүргізеді. Омырылған сүректер текшелей үйілмей, жерүстінде шашыранды күйде қызуынан жойылуын қамтамасыз етеді.

Тоғай ормандары. Шөлейт алқаптағы өзендердің тоғай ормандарында торанғы ағашын ұялай бастаған зиянкестерге қарсы мына мерзімде іріктеу жүргізіледі: наманған мұртты қоңызы, теректің кішкене жезқоңызы немесе олардың бірлесе ұялаған шағында әлсіреген ағаштарды іріктеу мамырдың екінші жартысында, жезқоңыздың басқа бір түрі ұялаған кезде мамырдан қалдырмай жүргізіледі. Талдың ағашын ұялай бастаған ағаштескіш көбелектерге қарсы іріктеу мамырдан қалдырылмай орындалады. Жиде ағашы мамырдың-маусымның екінші жартысында толық іріктеледі, ал ағаштарды жиденің мұртты қоңызы жаппай ұялаған жекелеген жағдайда шелқабықта *Scalufus jarosenevskyw Shev* және фальдерманның жиденің мұртты қоңызы ілеседі.

Тоғай жағдайында кесілген сүректе зиянкестер бірнеше жолымен жойылады: 1-дінді қабықтау, 2-сүрек жерді күн сәулесіне қақтау және улы химикаттармен өңдеу.

Аурулар зақымдаған екпеағаштар

Түбір губкасы зақымдаған қарағай және майқарағай екпеағаштарында зақымданған ағаштарды іріктеу күзгі-қысқы кезеңде немесе жылдың құрғақ және ыссы уақытында, түбірдегі құрттар өрши алмайтын жағдайда жүргізіледі.

Басқа мерзімде іріктеу кезінде түбірде құрттар өсіп-көбеймес үшін

антисептикалық заттармен өңдеу керек.

Емен екпелерінде ағаштарды іріктеу жылына үш, төрт мәрте, қарағаш көбелектері ұрпағының үш немесе төрт немесе төрт мәрте дамуына сәйкес жүргізіледі.

10 қосымша

Екпеағаштарда діңдік зиянкестер санына қатысты орналастыруға арналған тосқауыл ағаштардың шамамен санын анықтау үшін кесте

Діңдік зиянкестердің атауы	Орташа есеппен 1-шарш. дм. жердегі зиянкес. тердің жас ұрпағының саны.		
	Барынша	орташа	төмені
Қарағайдың кішкене шел. қабақ жегіш қоңызы	10 астам	6-10	6 кемірек
Қарағайдың үлкен шелқабақ жегіш қоңызы	5 астам	3-5	3 кемірек
Желек қабығын жегіштер	5 астам	2-3	3 кемірек
Заболонниктер: ағашты бұзушы	6 астам	4-6	4 кемірек
Қарағайдың смола қоңызы	1 астам	0,6-1	0,6 кемірек
Майқарағайдың үлкен мұртты қоңызы және көкжез қоңызы	---	---	---
Стенграф	3 астам	2-3	2 кемірек
Шағанның шелқабақ жегіш қоңызы	---	---	---

Гаузер қабық жегіш	10 астам	6-10	5 кемірек	
қ о ң ы з				

Ошақта зиянкестер саны жағынан көп болған жағдайда олар ұялаған ағаштардың тең жарымына саны орташа болса, 1/2, 1/4, төмен болса 1/4 аспайтын мөлшерде тосқауыл ағаш орналастыру керек.

Саны кестеде көрсетілгеннен төмен болғанда да тосқауыл ағаштар қойылады.

11 қосымша

Тосқауыл ағаштар мен тұтқыр үймелер орналастырудың мерзімдері

Қарағай. Қарағайдың екпеағаштарында алтытісті қабық жегіштерге қарсы зиянкестердің көктемгі кіші топтары үшін ақпан-наурызда, жаздағыларына - маусымда тосқауыл ағаштар қойылады, тосқауыл ағаштар бұтақтары жарық түсетін жерлерге орналастырылады.

Қарағайдың үлкен шелқабық жегішіне қарсы тосқауыл ағаштар ақпан-наурызда орналастырылады. Бұл шара жоғарыда айтылған әдісте о р ы н д а л а д ы .

Қарағайдың кіші шелқабық жегішіне қарсы тосқауыл ағаштар сүректің қолтығы астына Қыста Жапырақтарымен, мойны мен діңі астына төсеніш қойылады. Ағаштардың 5 проценттейі зақымданған сүректіңге тосқауыл ағаштар қою ұтымдырақ. Желек төбесінің қабық жегішіне қарсы тосқауыл ағаштар мен тұтқыр жапырақты үймелер ерте көктемде жарық мол жерлерге қойылады. Кеспе ағаштарда алдауыш жем ретінде кесінді қалдықтарын, кемісті ағаш өнімін қ а л д ы р у ғ а б о л а д ы .

Қарағайдың көк жезқоңызына қарсы жас және орташа жастағы қарағайлардан маусымда тосқауыл ағаштар жасалады, ағашты қабықтау личинкалар сүрекке еніп кетпес бұрын жүргізіледі.

Қарағайдың үлкен бізтұмсық қоңызына қарсы алдауыш жем ретінде ГХЦГ бүркілген тосқауыл түрінде түбірлер пайдаланылады.

Майқарағай. Майқарағайдың екпеағаштарында осы ағаштың және шыршаның мұртты қоңызына қарсы күші зақымданған сүректіңде тосқауыл ағаштар жаз ортасында (мерзім жергілікті жерде орман патологиялық зерттеулерді жүргізгеннен кейін) қойылады. Кесілген ағаштарға екі аптадан кейін зиянкестер ұялайды. Тосқауыл ағаштар төсеніш астына не түбірге ашық жерге қойылады. Тосқауыл ретінде кесуден қалған ағаштардың төбесі пайдаланылуы мүмкін. Зиянкестер сүрек бойына орналасқанға дейін тосқауыл ағаштарды қабықтау керек (Шығыс Қазақстан облысының кенді Алтай ормандарында майқарағай екпеағаштары үшін межелі мерзім шілденің аяғы).

Өртке күйген қабықтарды жегіштерге қарсы тосқауыл ағаштар
а қ п а н - н а у р ы з д а қ о й ы л а д ы .

Самырсын. Самырсын екпеағаштарында шұбатылма қабық жегішке қарсы тосқауыл ағаштар қою сәуір-мамыр айларында жүргізіледі. Майқарағайдың үлкен мұртты қоңызына қарсы тосқауыл ағаштар қою майқарағай екпелеріне қойылатын мерзімде орындалады.

Шренк шыршасы. Шренк шыршасының екпеағаштарында Гаузе, қабық құртына қарсы, шырша граверіне қарсы зиянкестер ұяламаған кесінді қалдықтарынан тосқауыл ағаштар мен тосқауыл тұтқыр үйме қою іріктеп санитарлық кесумен бір мезілде жүргізіледі. Тосқауыл ағаштар міндетті түрде желегімен қыста немесе ерте көктемде, бірақ негізгі зиянкестердің ұшуы басталардан екі апта бұрын, сәуірде, қайталануы-маусымда, биік тауда мамыр-маусымда қойылады. Тосқауыл ағаштар мен тосқауыл үйменің қажетті саны екпеағаштарды зерттеу дәрежесінде анықталады. Ауыспалы ошақтарда тосқауыл ағаштарды 2-3 ағаштан топтастыра, ал созылмалы жағдайда 100-200 м. қашықтықта бір-бірден қойылады.

Арша. Аршаның екпеағаштарында аршаның шелқабық құртына қарсы тосқауыл ағаштар наурыз аяғынан бастап екі мәрте қойылады. Тосқауыл үймені солтүстік экспозицияның беткейіне қою тиімді.

Аршаның жез қоңызына қарсы тосқауыл үйме мамыр-маусымда қойылады. Күн нұры жақсы қыздыратын жерлерде жарты метр етіліп ұсақталып кесілген ағаштар тастау өте тиімді.

Қарағаш. Қарағаштың екпеағаштарында тосқауыл ағаштар қою ісі қабық құртының түрлеріне қатысты жүргізіледі. Бұл шара сәуірдің басында (шелқабық құрты болса), мамырдың ортасында, маусымның аяғында, тамыздың ортасында жүргізіледі. Заболонник пен өзге де зиянкестерге тосқауыл ағаштар мамыр-маусымда қойылады.

Емен. Еменнің екпеағаштарында жез қоңызға, басқада зиянкестерге қарсы тосқауыл ағаштар мамыр-маусымда орналастырылады.

Терек, көктерек. Көктерек пен теректің екпеағаштарында жез қоңызға қарсы, кейбір зиянкестер түріне қарсы тосқауыл ағаштар қою мамыр-маусымдағы биологиялық жағдайға қатысты болады.

Тоғай ормандары. Шөлейт аймақтағы тоғай ормандары жағдайында тосқауыл ағаштардан басқа кеспе қалдықтарын тосқауыл үйме түрінде қоюға болады, олар сауықтыру мақсатында химикаттармен өңделеді.

12 қосымша

Діндік зиянкестерден химиялық қорғалу

1. Дiңдік зиянкестердiң бұлдіруінен қорғау мақсатында, егер шаралармен құралдар мүмкін болмаған және тиімсіз жағдайда қыстың жылы кезеңінде ормандағы қоймалар мен тиеу пункттерінде сақталған кезде қабықталмаған ағаш материалдары мен шыбықтарды, химиялық жолмен бүрку әдісі қолданылады.

2. Бүрку тәсілімен химиялық бүруге қылқан және жапырақты тұқымдақтардың қабықталмаған жұмыр ағаш материалдары мен жас шыбықтар-қарағай, шырша, майқарағай, самырсын, балқарағай, емен, қарағаш, шаған және басқа орман құраушы қасиеті жағынан жәндіктердің бұлдіруіне төзбейтін құнды ағаштар тұқымдықтары өңделеді, (төзімділігі II сынып, ГОСТ 9014.0-75 бойынша жұмыр ағаш материалдары. Сақтау жалпы талаптары) өйткені бұл ағаштарды құрттың жеуін шектеу керек.

3. Химиялық қорғау тәсілімен бүрку ісі барлық типтегі Қоймаларда, жағадағыдан басқа, барлық климаттық аймақтарда қолданылады. Қоймаларды жоспарлау және текшелей үю ГОСТ 9014.0-75 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Су қоймалары, ауызсу, балық шаруашылық және ауылшаруашылық маңызы бар су көздеріне жақын жердегі сүректерді химиялық қорғауды жүргізу тасқын сулар көп жиналатын жерлер шекарасынан кемінде 500 метр, бірақ жағадан 2 шақырым мөлшерінде жақын болмауы керек.

5. Күз-қыс кезеңінде дайындалған жұмыр ағаш материалдары мен жас шыбықтарды химиялық қорғау ісі қысқа мерзімде, жылы кезең басталар алдында, жылылық цельсия бойынша плюс 5 градус болатын тәуліктік орташа температура тұрақтылығы жағдайында жүргізіледі, өйткені фенологиялық топтағы дiңдік зиянкестер осы кезде ұша бастайды.

Бағдар алу үшін мына жайға назар аудару керек: күзде-қыста дайындалған қарағай сүректерін кеспеген аудандар сәуірдің бірінші жартысынан кешіктірмей бүркуі қажет, ал тек көктем ұзаққа созылғанда солтүстік аудандарда сәуірдің соңғы онкүндігінде жүргізіледі.

Шырша сүректерін тиісінше екі апта кейінірек, яғни сәуірдің екінші - мамырдың бірінші жартысында, самырсын, 15-25 мамырдан кешіктірмей;

балқарағай сүректерін - мамырдың бірінші жартысында;

еменнің сүректерін - мамырдың бірінші жартысында, ал еменнің қызыл мұртты қоңызы болған жағдайда 15-20 сәуірден кешіктірмей;

қарағаш тұқымдары сүректерін сәуірдің соңынан қалдырмай, ал шелқабық құрты көп болған кезде 10-15 сәуірден кешіктірмей;

шағанның сүректерін - 15-20 сәуірден кешіктірмей бүркіп өңдеу керек.

Аймақтардың ауа-райы мен климат жағдайларына қарай сүректерді химиялық қорғаудың басталу мерзімдері өзгеруі мүмкін, ол жергілікті жерлерде белгіленеді; орман қорғау шараларын жедел жүргізудің көрсеткіштері-дiңдік зиянкестердің

көріне бастауы, ағаш материалдары қабығы үстінен, ең алдымен ағаш текшелеп үйілген күн қызуы жақсы қыздыратын жерлерде зиянкестердің тіріле бастағаны, әсіресе ағаштан қоңыр ұнның көптерінде басты белгі болып табылады.

6. Көктемгі-жазғы кезінде дайындалған жұмыр ағаш материалдары мен жас шыбықтарды, оларды қабықталмаған және нендейде тәсілмен қорғалмаған жағдайда орманда сақтауға тыйым салынады, тиеу пункттерінде олар екі тәуліктен кешіктермей өңделеді, ал төменгі қоймаларда - олар дайындалып, іле текшелеп үйілген кезде 3 тәулік ішінде өңделеді (осы қосымшаның 13 тармағында көзделген жағдайдан басқа кезде).

7. Сүректерді химиялық тәсілмен қорғау үшін "Орман және ауыл шаруашылықтарында зиянкестер мен аурулармен күресте қолдануға рұқсат етілген химиялық және биологиялық құралдардың тізімі бойынша көзделген инсектицидтерді бүркуге болады. Инсектицидтермен жұмыста ертіндінің қоюлығын, оларды жұмсауды және өңдеу кезіндегі қорғаныштық технологиясын анықтау кезінде нұсқаулық материалдар басшылыққа алынады.

8. Тұтынушылардың талабы бойынша тамақ ыдыстарын, биохимиялық және гидролиздік өнімді шығаруға арналған жұмыр материалдарды, химиялық қорғау материалдарын өндіріс арқылы шығаруға болады. Мұндай жағдайда сүректерді қорғаудың химиялық емес шараларымен шектеледі (осы ережелердің 13 қ о с ы м ш а с ы) .

9. Халыққа сатуға арналған отындық сүріктерді қорғау қажет болған жағдайда адамдарға және жылы қанды жануарларға уландыру әсері аз инсектицидтер пайдаланылады. Сүрек отындағы (шөркелер) текшелерге тығыздала үйілгеннен кейін б ү р к і л е д і .

10. Жұмыр материалдарға ұялаған зиянкестерді химиялық тәсілмен құрту үшін өңдеу, жәндіктерді жою мақсатымен ағаштарды қабықтау орнына бүрку т ә с і л і қ о л д а н ы л а д ы .

Зиянкестердің ағаштарды ұялай бастаған кезінде олар ұялаған ағаштарды санитарлық кесу кезінде, дайындалған жұмыр ағаш материалдары, сол тәрізді өзге ағаш материалдары инсектицидтерді бүркіп өңдеуге жатқызылады. Зиянкестер ұялаған сүректер мұқият сұрыпталуға тиіс, олар зиянкестер ұялаған ағаштардан б ө л е к ө н д е л е д і .

11. Зиянкестер ұялаған сүректерді химиялық қорғау зиянды жәндіктердің жас ұрпағы ағаштың қабығы астынан ұшып кеткеннен кейін жүргізіледі. Өңдеу мерзімі зиянкестердің өсіп-жетілуін жүйелі түрде байқауды іске асыру жолымен белгіленеді. Қабық құрты ұялаған ағаш материалдары қоңыздардың жаппай қуыршақтану және алғашқы әлсіз бояулы, қоңыздардың байқала бастаған кезінде өңделуге тиіс. Мұртты және жезқоңыздар ұялаған жағдайда - ағаштарды өңдеу қоңыздардың жас ұрпағының ұшуы басталар алдында, олардың негізгі тобының

үрдіс түрде бояулана бастаған, бірақ ұшуы әлі бастала қоймаған кезде жүргізіледі.

12. Зиянкестер ұялаған сүректерді өңдеу кезінде ағаш материалдарын қорғаныштық өңдеу кезінде препараттар қолданылады (осы қосымшаның 7 тармағы).

13. "Қурап тұрған" категорияға қатысты ағаштардан дайындалған ағаш материалдары діндік қауіпті зиянкестер толық әлсіреткен ағаштар химиялық өңдеуге жатқызылмайды.

14. Химиялық бүркуден өткен тосқауыл ағаштарды, оның ішінде феромондармен бір тұтастықта пайдаланылғанда, оларды ұялаған жәндіктердің жекелеген топтарының тұрақтылығын ескеріп қолданылатын инсектицидтер және олардың ертіндісі ағаш материалдарын қорғау жағдайындағыдай болады (осы Қосымшаның 7 тармағы).

15. Тамыр тұрпаты бойынша әлсіреген, ерекше құнды ағаштарды химиялық қорғау діңнің биіктігі 3-4 метр бөлігіне бүрку жолымен жүргізіледі, ал ағаштың төбесі тұрпатында ағаштардың тамыры өңделеді. Қорғаныштық өңдеу мерзімі - көктем, зиянды жәндіктердің ұшуына дейін. Әлсіреген ағаштарды қоғау үшін осы қосымшасының 7 тармағында ұсынылған препараттар пайдаланылады.

16. Теректерді мөлдір қанатты көбелектен, мұртты қоңыздан, жасырын тұмсық құрттан химиялық қорғау ағаштар мен түбірлерді өсімдіктердің ішіне әсер ететін препарат-фосфамид, РОГАР, БИ-58 немесе 0,5-1% анито әдісімен құрттардың туған шағында және олар сүректің қабығының үстіңгі бетімен тамактанатын кезінде жүргізіледі.

Мұртты құрт зақымдаған талды да қорғау осындай әдіспен жүзеге асырылады.

17. Сүрек сорғыш және ағаш тескіш құрттармен күресте инсектицид жүйесіне енетін (антио, БИ-58) 0,2-05% ертіндісімен бүрку ұсынылады. Бүркудің қолайлы мерзімі - шілде - тамыз.

18. Су арқылы ағызылатын сүректерді химиялық қорғауға тыйым салынады.

13 қосымша

Әкімшілік облыстарды орманда қабықтанбаған немесе басқа тәсілдермен қорғалмаған сүректерді қалдыруға тыйым салынған мерзімдер көрсетіліп аймақтарға бөлу

Аймақтар және белгіленген	Әкімшілік облыстар	
тыйым салынған мерзімдер		

Мамырдың 1-нен қыркүйектің	Шығыс Қазақстан облысы
1-дейін	(шұбыртпалы қарағай
	ормандарынсыз)
Сәуірдің 1-нен қыркүйектің	Қазақстан Республикасының
1-дейін	қалған аумақтарында

Ескерту: Орман шаруашылығын басқару жергілікті органдары жекелеген аудандардың климат ерекшеліктерін және жекелеген ағаш тұқымдықтары бойынша діңдік зиянкестердің топтарының фенологиясын ескеріп жоғарыда көрсетілген мерзімдерді 15 күнге дейін кейін не ілгері өзгерту мүмкін.

14 қосымша

Орманда, қоймаларда және тиеу пункттерінде сүректі сақтаудың тәсілдері, Жалпы ережелер.

1. Орманнан кемінде 2 шақырым қашықтықта қоймаларда және тиеу пункттерінде көктем-жазғы кезеңге қалдырылған қабықталмаған жұмыр ағаш материалдары мен жас шыбықтарды жарылудан, діңдік зиянкестер мен саңырауқұлақтардан қорғау мақсатында дымқыл тәсілмен сақтауды (ГОСТ 9014,0-75 Жұмыр ағаш материалдары. Сақтау. Жалпы талаптар) қолдану ұ с ы н ы л а д ы .

2. Кәсіпорындардың төменгі және жоғарғы қоймаларын жоспарлау, жұмыр ағаш материалдарын текшелеп үю ГОСТ 9014.0-75. Бойынша, өзгерістері: N 1-11.12.87 N 3978 және N 2-20.01.78. N 79 талабында жүргізіледі.

3. Әрбір текшелер үшін бөрене төсеп тұғыр жасалуы керек. Дымқыл жағдайда сақтау кезінде текше тұғырының жер бетінен биіктігі кемінде 15 см, құрғақтай сақтауда кемінде 25 см. болуға тиіс. Топырағы әлсіз жерде бөрене астына төмен сортты бөренелерден жалпақ төсеніш жасалуы керек. Төсеніш бөренелер мен төсеніш үшін жәндіктер мен саңырауқұлақпен зақымданбаған жұмыр ағаш материалдары іріктеп алынады.

4. Текшелердің мөлшері тиеу-түсіруге пайдаланылатын құралдардың техникалық мүмкіндіктеріне және дайындалған сүректің көлеміне қарай анықталады, ал текшелердің биіктігі жоғарғы қоймаларда және тиеу пункттерінде кемінде 1,5 ал төменгі қоймаларда және кәсіпорындар қоймаларында кемінде 3 метр болуға тиіс.

Сақтаудың дымқыл тәсілі

5. Сақтаудың дымқыл тәсілі тақтай тілуге, аршуға, сүргілеуге, сол сияқты ұзындарын кеніш тіреулерімен баланстар жасауға арналған жұмыр ағаш материалдары үшін қолданылады.

6. Дымқыл тәсіл жұмыр ағаш материалдарының, ұзындары мен жас шыбықтарының қабығын сақтау және қосымша қорғау шараларын қолдану, химиялық өңдеу, көлеңкелеу, жаңбырлату, тоғыту, ағаш материалдарының кесінділерін дымқылдықтан қорғайтын және дымқылдықтан қорғайтын-антисептикалық заттармен майлау жолымен күзде-қыста және көктемде-жазда дайындалған сүректерді сақтауды көздейді.

7. Қоймаларда жұмыр ағаш материалдарын, ұзындарын және шыбықтарын тығыздап (астына төсеніш қоймай), немесе тығыздай-қатарластыра (көпқатарлы ағаш материалдары аралығына көлденең орналастырады) немесе топты текшелей (тығыз-қатар етіп ағаш материалдарының әрбір жекелеген қатар аралығына көлбете төсеу) орналастыру әдісі қолданылады.

8. Күзгі-қысқы дайындау жағдайында жұмыр ағаш материалдарын, ұзындарын, шыбықтарын текшеге төсеу және жарылудан, жәндіктер қосымша шараларын қолдану жылылық маусымы басталғанға дейін, цельсия бойынша тәуліктік орташа температура плюс 5 градустық тұрақтылық болғанда жүзеге асырылады.

9. Көктемгі-жазғы дайындау жағдайында жұмыр ағаш материалдарын, ұзындарын, шыбықтарын текшелей жинау және қорғаныштық шаралар қолдану жоғарғы қоймаларда ағаш құлатылғаннан кейін 2 тәуліктен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

10. Тайга аймағында жапырақты, аралас және қылқанды екпеағаштарда (таза қарағайдан басқа) ағаш кесу жұмыстарында көктемгі-күзгі кезеңде ағашты құлату-текшелеуші мәшинелерді қолданған жағдайда кеспе ағаштарда сүректерді дайындау мен сақтауда ағаштарды жекелей құлату, сүйреп шығару, оларды 6 апталық мерзімге дейін қалың жаппа астында сақталатын күйде текшелеу әдісін қолдануға, кейін (сүйреп шығарудан кейін) шыбықтармен ағаштарды кіші-гірім текшелерде ағаш тасылатын жолдар жиегінде төменгі қоймаға немесе кәсіпорынның өзен жағасындағы қоймасына тасып әкеткенге дейін сақтауға мүмкіндік жасайтын тәсілді қолдануға жол беріледі.

Осындай жағдайда ағаштарды құлату мен сүйреп шығару арасында үзіліс жоқ жағдайда сүректерді қорғаудың қосымша шараларын қолданбай-ақ кеспеағаштарда сүректерді төменгі қоймаға тасып әкету сәтіне дейін, ағаш тасу жолдары бойында ағаштарды тығыз жабатын текшелерде сақтауға жол беріледі.

11. Жұмыр ағаш материалдарын ұзындары мен шыбықтарын, діңдік зиянкестердің зақымдауына шыдай алмайтын ағаш тұқымдықтарын химиялық

қорғау осы ережелердің 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады (ГОСТ 9014,0 - 75 бойынша) .

12. Жұмыр ағаш материалдарын ұзындары мен шыбықтарын көлеңкелеу оларды кесінді қалдақтарымен (жапырақты бұталар т.б.) немесе қалқан жабу жолымен жүзеге асырылады. Көлеңкелеу: жапырақты тұқымдықтың ағаш материалдарын жарылудан, жәндіктер мен саңырауқұлақтардың зақымдауына қарсы қорғаныш шара ретінде;

сүректі қорғаныштық өңдеу үшін инсектицидтерді қолдануға тыйым салу жағдайында қолданылады .

13. Дымқыл тәсілмен сақтау жағдайында жұмыр ағаш материалдары кесінділерін жабуға (Ағаш материалдары. Ылғалдан қорғау және ылғалдан қорғау-антисептикалық жамылғымен қорғау. ГОСТ 9014.0-75 бойынша) барлық климаттық аймақтарда тек қана жапырақты тұқымдықтар сүрегіне қатысты жүзеге асырылады .

Қайыңның, еменнің, қарағаштың, үйеңкінің, қанды ағаштың, көктеректің, теректің және шағанның, жарылуға немесе саңырауқұлақтың зақымдауына төзе алмайтын жұмыр ағаш материалдарын 3 айға дейін сақтау кезінде кесінділерді ылғалдан қорғайтын жамылғымен жабады.

Еменнің, қарағаштың, үйеңкінің және шағанның жарылуға төзімсіз жұмыр ағаш материалдарын жылы кезеңнің бүкіл бойында сақтаған жағдайда ылғалдан қорғайтын жамылғы, ал зиянкестердің зақымдауына төзгісіз (қайың, жөкенің, қандыағаш, терек, көктерек) ылғалдан қорғайтын-антисептикалық жамылғы қолданылады .

Текшеге үйілген жұмыр ағаш материалдарының кесінділерін өңдеу үшін барлық тұсына жамылғы пайдалану жөн ал жекелей жатқан шыбықтарды өңдеуде, қабықты сыдыру және ірі бұтақтарды кесетін жерлерде қолданылады.

Ылғалдан қорғау ретіндегі зат карбафен-II, бакелиты лагы, ПК-15, ПМК-15, мұнай битум маркалы-3, шайыр көбігі, қарағайдың немесе газдандырылған шайыр, құрғақтай қыздырылған шайыр, ал ылғалдан қорғау антисептикалық заттар ретінде-карбофен-16, ПКФ-V-12, карбофен-II, бекелит лагы қолданылады.

Ағаш материалдары кесінділерін жамылғылау тәсілі майлау, сонда қауіпсіздік талаптарын берік сақтау керек, ГОСТ-9014.0-75 бойынша.

14. Сүректі жаңбырлау ГОСТ-90 14.0-75 бойынша "Жұмыр орман материалдары. Сақтау. Жаңбырлатып қорғаумен, жүзеге асырылады".

Жаңбырлату жылдың жылы кезеңінде (цельсия бойынша тәуліктік орташа температура плюс 5 градус болғанда) жүргізіледі. Суару тәртібі ГОСТ 9014.I-79 бойынша .

15. Жұмыр ағаш материалдарын суға батыру 9014.0-75 ГОСТ бойынша

арнайы суаттарда, бассейндерде жүргізіледі. Ол ағаштарды ұзақ мерзім бойы сақтау; (жылы кезеңде), төменгі қоймаларда және кәсіпорынның қоймаларында қылқанды, жапырақты тұқымдықтардың жұмыр ағаш материалдары жәндіктер мен саңырауқұлақтардың зақымдауына төзбейтіндер үшін жүзеге асырылады.

Сақтаудың құрғақ тәсілі

16. Сақтаудың құрғақ тәсілі ағаш материалдарын жұмыр түрінде (құрылыс, мачта, гидроқұрылыс, бөрене, кеніш тіреу, баланстар) пайдалану үшін қ о л д а н ы л а д ы .

17. Сақтаудың құрғақ тәсілі қабықтау, қатарлап үю, ағаш материалдарын жарылудан (ыстау, суға батыру, кесінділерді ылғалдан қорғау үшін майлау) сақтау және қорғаудың қосымша шараларын қолдануды көздейді.

18. Қылқанды тұқымдықтардың жұмыр ағаш материалдары бақылау мерзімінде (осы ережелердің 12 қосымша шелқабықты сыдыруда қажет).

Жапырақты тұқымдықтардың жұмыр ағаш материалдары үшін (емен, қарағаш, шаған) шелқабықты немесе қатты қабыққа дақ сала, яғни үздіксіз айғыздау (басқа жапырақты тұқымдықтар үшін).

19. Қылқанды, жапырақты тұқымдықтардың жұмыр ағаш материалдарын қатарланған текшелерде сақтайды, онда ағаш материалдарының арасы бір-бірінен көлденең төсеніштермен бөлінген.

Қысқа мөлшері ағаш материалдары (баланстар), кеніш тіреулері клеткалы текшеге қатарлана жиналады немесе сиретілген текше топтарына, цилиндрлі пакеттерден құрылған, байлау арқылы қалыптасқан (трос, сым). Қысқа мөлшерлі ағаш материалдарын тығыздатылған шөркелерге жинауға болады.

20. Жарылуға төзімсіз самырсынның жұмыр ағаш материалдарының кесінділері ылғалдан қорғайтын заттармен майланады (9014.2-79 ГОСТ бойынша)

21. Сумен ағызуға арналған жапырақты тұқымдықтардың жұмыр ағаш материалдары жоғарғы және төменгі қоймаларда сақталған кезде алдын-ала ысталады, яғни желегі арқылы жастай кесілген дінді құрғату, ағаштарды құлату мен бұтақтарды отау арасында 10-15 тәулікте жылдың жылы кезеңінде жүргізіледі. Бұл кезде материалдарға діндік зиянкестер ұялауы мүмкін, сондықтан оларды сүректі қабықтау мен текшелеп жинау алдында құрту керек.

22. Қайыңның, көктеректің, қандыағаштың, үйеңкінің, теректің жарылуға берік жұмыр материалдарын қоймалардың барлық түрпатында кесінді қалдықтарымен немесе қалқандармен көлеңкелейді. Еменнің, үйеңкінің, шағанның жарылуға төзбейтін жұмыр ағаш материалдарының кесінділері (9014.2-79 ГОСТ бойынша) ылғалдан қорғау заттарымен майлау қоймалардың барлық түрінде жүргізіледі.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК